In conclusion, the use of ChatGPT in teaching English demonstrates significant potential for improving students' language skills, enhancing their motivation, and boosting their confidence in using the language. The results of our research show that the integration of AI tools like ChatGPT allows for the adaptation of the learning process to individual student needs, creating a more personalized and interactive approach to education. However, it is important to emphasize that successful integration of ChatGPT must be accompanied by an awareness of the risks associated with excessive dependence on technology. As M. I. Savina points out, such dependence may lead to a decrease in students' autonomy and undermine their critical thinking skills [3]. This highlights the need for balance: technology should serve as a support, not a replacement for traditional teaching methods. Training in critical thinking becomes especially crucial in light of the recommendation from J. Wolf, who stress the necessity of developing students' skills in analyzing and interpreting information [5]. Educators should actively work to create an environment where students can independently assess data provided by ChatGPT and use it for deeper language study.

Furthermore, it is essential to consider students' opinions and their experiences with AI. Feedback collected during our study indicates that 70% of participants noted an increase in their interest in learning English due to the interactivity of ChatGPT. This suggests that technology can make learning more engaging and accessible if used wisely.

It is also advisable to develop training programs that include the use of ChatGPT as part of a comprehensive teaching strategy. This may involve creating educational projects where AI acts as an assistant rather than the primary source of information. Teachers can leverage ChatGPT to design exercises, create tests, or even stimulate discussions in the classroom.

Ultimately, the success of AI integration in the educational process depends on how we utilize these technologies. If we can create a harmonious blend of traditional teaching methods and modern technologies, we can not only enhance language proficiency but also prepare students for the challenges of the modern world, where critical thinking skills and the ability to work independently are becoming increasingly relevant. Thus, the implementation of ChatGPT in English language teaching opens new horizons for educational practices, but it requires a careful and balanced approach to ensure the development of both language and cognitive skills among students.

REFERENCES:

1. Amanzholov, B. S. (2021). "Artificial Intelligence in English Language Teaching: Opportunities and Challenges" – A study on the role of AI in teaching English in Kazakhstan.
2. Petrova, N. I. (2022). "AI and New Technologies in Foreign Language Teaching" – On methods for using AI to develop listening and speaking skills.
3. Savina, M. I. (2020). "Problems of Using AI in Educational Processes" – On the potential negative consequences of excessive reliance on AI in the educational environment.
4. Edwards, D. (2021). "AI in Education: The Future of Personalized Learning" – On the opportunities AI presents for personalized learning.
5. Wolf, J. (2022). "Critical Thinking and AI Tools in Schools" – On the role of AI in developing critical thinking and academic achievements.
6. Jones, S. (2020). "Dangers of AI Dependency in the Classroom" – On the risks of excessive student reliance on AI.



УДК 75 (07) 0-63

ПОДГОТОВКА ПЕРСПЕКТИВНЫХ И КОНКУРЕНТОСПОСОБНЫХ
ИТ-СПЕЦИАЛИСТОВ НОВОГО ПОКОЛЕНИЯ В СИСТЕМЕ
ТыПО В КАЗАХСТАНЕ

Оразалиева Рсалды Багдатовна

НАО «Университет имени Шакарима города Семей»,
доктор философии (PhD), старший преподаватель кафедры Искусства,
Семей, Казахстан



<https://doi.org/10.5281/zenodo.14250417>

Аннотация: Реформа профессионального образования становится абсолютно важной с точки зрения обеспечения роста экономики и ее инвестиционной привлекательности. 2025 год в Казахстане объявлен Годом рабочих профессий, это будет содействовать продвижению в казахстанском обществе идеи трудолюбия и профессионализма.

Ключевые слова: ИТ-специалисты, World Skills, цифровая технология, роботехника, ребрендинг.

Стремительное наступление прогресса в виде цифровизации, автоматизации, роботизации, искусственного интеллекта и других инноваций, требует подготовки специалистов нового поколения.

В духе требования времени стало открытие в городе Семей области Абай принципиально нового образовательного учреждения, отвечающего высоким стандартам современности.

С 1 сентября 2024 г. распахнул свои двери «Высший колледж ИТ и новых технологий». Он создано на базе профессионального технического училища №8 по подготовке кадров для электроэнергетики, затем преобразованное в «Колледж радиотехники и связи». С тех пор преподавательский состав колледжа занимается подготовкой специалистов электроэнергетического профиля для различных отраслей экономики Казахстана. Позднее колледж стал готовить специалистов с учетом потребностей рынка труда и структурных изменений в экономике: операторов компьютерного аппаратного обеспечения, техников информационной безопасности, монтажников-наладчиков цифровой техники и других профессий в области ИТ-технологий.

Сегодня «Колледж радиотехники и связи» проходит процедуру ребрендинга. Этот процесс включает в себя не только смену названия, - это стратегия системных изменений в идеологии бренда и его восприятия. Процедура ребрендинга имеет под собой крепкую основу - новому «Высшему колледжу ИТ и новых технологий» под учебный корпус передано просторное пятиэтажное здание в центре левобережной части города Семей области Абай.

После кардинальной модернизации прежнее здание переродилось в объект современной архитектуры в стиле хай-тек с функциями «умного» экологичного дома, где применены принципы зеленых технологий, направленных на экономичное и рациональное использование природных ресурсов. Кроме того, полностью обновилась материально-техническая база колледжа. Закуплено оборудование последнего поколения: ноутбуки, моноблоки, компьютеры с мощными процессорами, для выполнения сложных и емких программ. Вся техника протестирована. Приобрели соответствующую мебель. Ничего лишнего в аудиториях нет, кроме парт и ЛЭД-панелей. У каждого преподавателя имеется индивидуальное подсобное помещение для хранения учебных пособий. И наконец, самое важное - дополнительно увеличен ежегодный госзаказ по подготовке востребованных ИТ-



специалистов.

Внешняя проектировка здания, как и его «начинка» соответствуют его предназначению. Фасад, облицован натуральным камнем - травертином светлого оттенка, что придает храму знаний академический и благородный вид. А прозрачный лифт с панорамным обзором, шахта которого проведена по вертикальному центру фасада, подчеркивает функционализм и конструктивизм. Кроме того, над входом в учебный корпус установлен огромный ЛЭД-экран размером в 60 квадратных метров, на котором отражается ежедневная деятельность колледжа.

В вечернее и ночное время суток корпус колледжа по всему периметру освещается множеством ламп и подсветок. Над художественным дизайном освещения работала группа преподавателей и студентов. Здание стало украшением проспекта имени Ауэзова города Семей. Горожанам приятно созерцать такое эффектное здание.

Электричеством учебный корпус обеспечен за счет солнечных панелей, установленных на южном склоне крыши. Солнечная энергия накапливается в преобразованном виде в аккумуляторах, для хранения которых возведена отдельная пристройка. Заряда аккумуляторов в накопителях хватит колледжу для покрытия собственных нужд и для освещения в темное и пасмурное время суток. Здание обнесено металлическим ограждением с коваными узорами, имеются ролл-ворота и два входа: один оборудован пандусом для передвижения маломобильных групп обучающихся, что является обязательным условием для проведения инклюзивного обучения. Сегодня в колледже обучается 59 студентов с особыми потребностями. Еще 19 студентов с инклюзивной формой обучения будут приняты в новом учебном году.

Еще одним элементом «умного» дома является автоматическая система управления теплоснабжением, позволяющая рачительно и экономично использовать тепло. Алгоритм ее действия не требует постоянного вмешательства и контроля - достаточно внести в компьютерную программу параметры атмосферного воздуха и система автоматически настраивается, и поддерживает оптимальную температуру внутри всего здания.

По такому же экономичному принципу введены механизмы для максимально рационального потребления воды. Использованная вода не утекает в канализацию, а накапливается в емкости, отстаивается, фильтруется, дезинфицируется и повторно применяется для технических целей (для наполнения смывных бачков в туалетах, мытья полов, полива газонов).

Гардеробная, сконструированная преподавателями и студентами колледжа, также полностью автоматизирована. Здесь не требуются специально гардеробщики, номерки и браслеты. Достаточно пройти фейсконтроль, камера запоминает лицо студента и принимает верхнюю одежду, а на выходе из здания «узнает» обучающегося и выдает его одежду.

Новый «Высший колледж IT и новых технологий» весьма приспособлен для комфортного обучения студентов и благоприятствует хорошей работе преподавательского состава. А поле для дальнейшего развития и совершенствования огромное: это и дополнительное выделение ученических мест на бесплатное обучение, и введение новых специальностей. В общей сложности принимать по 380 студентов в год достаточно сложная задача, но выполнимая. Проектная мощность здания при двухсменном режиме обучения, составляет максимум 1000 студентов, со сроком обучения 4 года.

380 студентов на одном курсе обучать сложно, поэтому госзаказ распределили на 3 группы: среди учащихся, пришедших после окончания 9-го класса; обучающихся на базе 11 классов; и для студентов на базе ТиПО, которые поступают на 1, 2 и на 4 курс.

Со следующего учебного года дополнительно откроются новые специальности: оператор беспилотного летательного аппарата; мобильная робототехника; кибербезопасность. Еще две специальности по прикладному бакалавриату - это программное обеспечение и вычислительная техника. Достижение высокого уровня подготовки специалистов технического профиля невозможно без внедрения передового международного опыта. Одним



из показателей высокой компетенции молодых начинающих специалистов стали победы в международных чемпионатах по профессиональному мастерству.

World Skills - международная некоммерческая организация, созданная для повышения стандартов профессиональной подготовки и квалификации кадров с помощью проведения профессиональных чемпионатов по всему миру.

Существует некоммерческая организация «World Skills International», которая выполняет функции Олимпийского комитета: ее задача - проведение чемпионата мира по рабочим специальностям один раз в 2 года.

С 2016 года студенты колледжа активно участвуют в этих престижных соревнованиях. Сначала они показали себя на региональных республиканских чемпионатах World Skills Kazakhstan, завоевав немало призовых мест в таких компетенциях, как «Мехатроника», «Инженерная графика САД», «Электроэнергетика», «Электромонтажные работы», «Эксплуатация беспилотных авиационных систем», «Промышленная автоматика», «Мобильная робототехника», «Прототипирование».

С 2017 года учащиеся колледжа впервые стали участниками международного чемпионата World Skills Competition в г. Абу-Даби (ОАЭ), и сразу показали хороший результат, завоевав сертификат в компетенции «Мехатроника». В 2019 году - участие в мировом чемпионате в г.Казань, заняв 3 место и медали в номинациях «За высшее мастерство» и «Лучший представитель страны».

2019 год - 2 место в открытом чемпионате Узбекистана World Skills. 2020 год - 2 и 3 места на открытом VIII национальном чемпионате России «Молодые профессионалы». В прошлом году команда студентов с золотой медалью вернулась с XV международных соревнований Emirates Skills, проходивших в Абу-Даби (ОАЭ).

На чемпионатах такого уровня всегда ставятся сложные задачи, чтобы мотивировать участников к большим свершениям, развивать научные изыскания, подталкивать к новым изобретениям.

Международное сотрудничество предусматривает, что к обучению студентов будут привлекаться иностранные специалисты, в том числе запланировано дистанционное обучение из сильнейших учебных заведений мира.

Заклучены меморандумы с институтом робототехники при Харбинском политехническом университете (Китай), где преподаватели колледжа будут повышать квалификацию. В рамках активизации международного сотрудничества осуществляется совместная деятельность с Британским Консульством по сотрудничеству в области образования. Для преподавателей колледжа имеется возможность публиковать методические работы в международном журнале «Vocational Educational Exchange». Для организации обучения преподавателей и академической мобильности студентов, заключены меморандумы о сотрудничестве с Академией туризма г.Анталья (Турция), Южно-Корейским университетом Кьондонг, Восточным Средиземноморским Университетом (Кипр).

Таким образом, планомерно продуманная и творчески спроектированная стратегия организации учебно-образовательного процесса позволит создать условия для перехода учебного заведения на качественно новый уровень подготовки конкурентоспособных специалистов.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Справедливый Казахстан: закон и порядок, экономический рост, общественный оптимизм». Республика Казахстан, г.Астана, «Акорда». 2 сентября 2024г.
2. Никулова Г. А. Стиливые проявления при обучении в условиях информатизации и цифровизации образования: монография. – Москва: ИНФРА-М, 2019. 173 с.
3. Захаров А.С. Организация современной информационной образовательной среды. Москва: Прометей, 2016. – 280 с.



МЕКТЕПТЕ ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Қали Аружан Жокешқызы

Абай атындағы ҚазҰПУ математика, физика және информатика институтының
2 курс магистранты
Алматы, Қазақстан



<https://doi.org/10.5281/zenodo.14250417>

Аннотация: Мақалада мектепте физиканы оқытуда оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру мәселелері қарастырылған. Осы мәселелерді шешу үшін мектепте физиканы оқыту тәсілдері көрсетілген.

Кілтті сөздер: физика, физиканы оқыту мәселесі, мектеп, шығармашылық қабілеттер.

Қазіргі білім беруде басты мақсаттардың бірі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру және дамыту болып табылады. Бұл әсіресе физика сияқты жаратылыстану циклі пәндерінің контекстінде маңызды болып келеді. Мектепте физиканы оқыту кезінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру мәселесі білім беру жүйесінің өзекті және маңызды міндеті болып табылады. Шығармашылық қабілеттер оқушының жеке басының дамуында маңызды рөл атқарады, оған ғылымды түсініп қана қоймай, оны жаңа міндеттер мен мәселелерді шешуде қолдануға көмектеседі.

Қазіргі таңда мұғалімнің негізгі ұстанған мақсаты – білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу материалын қаншалықты деңгейде меңгергенін бақылаудың сан түрлі жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабақта тиімді пайдалану. «Білімнен қымбат нәрсе жоқ. Көңілде жатса баспай тот» дегендей оқушылар алған сапалы білімдерін, тәрбиесін, бойға дарыған өнерлерін үнемі жаңғыртып, жетілдіріп оны ғылыми жетістіктермен толықтырып отыруы тиіс. Сонымен қатар өзіндік жұмысты орындаудың тәрбиелік мәнін де атап көрсету керек[1].

Физиканы оқыту процесінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің төмен болуының негізгі себептерінің бірі – дайын білім мен есептерді шешу алгоритмдерін беруге негізделген дәстүрлі оқыту әдісі. Бұл тәсіл оқушылардың шығармашылық ойлауын, өздігінен зерттеу және стандартты емес шешімдерді іздеу қабілетін дамытуға ықпал етпейді. Бұл мәселені шешу үшін білім беру процесіне проблемалық оқыту, жобалау қызметі, зертханалық жұмыстар және оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға ықпал ететін жұмыстың басқа түрлері сияқты белсенді оқыту әдістерін енгізу қажет. Бұл әдістер оқушыларға өз білімдерін өз бетінше тексеруге және қолдануға, сондай-ақ олардың шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік береді.

Оқушылардың толық түсінуін қамтамасыз етіп, механикалық жаттаудан құтылу үшін не істеуіміз керек?

Бұл сұрақтың төрт аспектісін атап көрсетуге болады:

- жаңа материалды оқушылардың қабылдауын, түсінуін ұйымдастыру;
- түсіндірудің дәлелдемелік әдісін қолдану;
- психикалық заңдылықтар мен әдістемелік талаптарды ескеру;
- оқулықпен жұмыс жасауды үйрету.



Материалды түсіндіруді дұрыс ұйымдастырған кезде мұғалім тек қана білім беріп қана қоймайды, сонымен қатар шығармашылық әрекетті де ұйымдастырады[2].

Сонымен қатар, осы ғылымды зерттеу оларға қандай мүмкіндіктер мен перспективалар ашатынын көрсету арқылы оқушылардың физикаға деген қызығушылығын арттыру маңызды. Әр оқушы өзінің шығармашылық талпыныстарында өзін құрметтейтін және қолдайтын сыныпта қолайлы атмосфера құру маңызды болып табылады.

Физиканы оқытуда оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда ескерілмейтін мәселелерге келесілерді жатқызсақ болады: 1) оқушылардың шығармашылығын көрсету үшін ынталандырушы жағдайдың болмауы; 2) әр оқушының жеке ерекшеліктеріне жеткіліксіз назар аудару; 3) шығармашылықты дамытуға ықпал ететін интерактивті оқыту әдістерін жеткіліксіз пайдалану; 4) мұғалімдердің физиканы оқытудағы шығармашылықтың рөлін дұрыс түсінбеуі; 5) физиканы оқытуда шығармашылық пен инновацияны дамытуға жеткіліксіз назар аудару; 6) оқушылардың шығармашылық ойлауын ынталандыратын алынған білім мен дағдыларды практикалық қолдану мүмкіндіктерінің болмауы т.с.с.

Бұл мәселелерді шешу үшін мектепте физиканы оқыту тәсілін өзгерту қажет. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ынталандыратын және алған білімдерін іс жүзінде қолдануға көмектесетін жағдайлар жасау маңызды. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға септігін тигізетін бірнеше стратегиялар бар, олар:

1. *Оқытудың интерактивті әдістері:* дәстүрлі дәріс түрінің орнына мұғалімдер зертханалық жұмыстар, топтық жобалар, пікірталастар және проблемалық мәселелерді шешу сияқты оқушыларды белсендіретін әдістерді қолдана алады.

2. *Зерттеу қызметін ынталандыру:* оқушыларға өздерін қызықтыратын физикалық құбылыстарды өз бетінше зерттеуге, эксперименттер жүргізуге және алынған нәтижелерді талдауға мүмкіндік беру шығармашылық қабілеттердің дамуына ықпал етеді.

3. *Стандартты емес әдістерді қолдану:* мұғалімдер сабақтарға ойын элементтері, физикалық процестерді визуализациялауды қолдану т.с.с. стандартты емес әдістерді қоса алады.

4. *Даралықты қолдау:* әр оқушының жеке қызығушылықтары мен қабілеттерін ескеру, өзін-өзі тануға және шығармашылық көрініске жағдай жасау маңызды.

5. *Жіберілетін қателіктерден қорықпау:* оқушыларға қателіктер оқу процесінің ажырамас бөлігі екенін және олар жаңа білім мен тәжірибенің қайнар көзі бола алатындығын түсіндіру керек.

Бұл стратегияларды қолдану физика мұғалімдеріне оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға және олардың ғылыми және практикалық қызметтегі күрделі мәселелерді шешуге дайын болуына ықпал ететін ынталандырушы және тиімді оқу ортасын құруға мүмкіндік береді.

Жалпы, мектепте физиканы оқытуда оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру оқыту тәсілдерін өзгертуді және оқушылардың шығармашылық тұлға ретінде дамуына ықпал ететін ынталандыру ортасын құруды талап етеді. Бұл ғылыми білімді тиімдірек игеріп қана қоймай, оқушыларды қазіргі ақпараттық қоғамда табысты бейімделуге дайындайды.

Мектепте физиканы оқыту кезінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру мәселесінің келесідей артықшылықтарын көрсетуге болады:

1. *Шығармашылық ойлауды дамыту.* Шығармашылықты дамыту контекстінде физиканы оқыту оқушыларға шығармашылық ойлауды дамытуға көмектеседі, стандартты емес шешімдер мен тапсырмаларға көзқарастарды іздеуге ықпал етеді.



2. *Тақырыпқа қызығушылықты ынталандыру.* Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру олардың физиканы оқуға деген қызығушылығын арттыруы мүмкін, өйткені шығармашылық тапсырмалар мен жобалар оқу процесін қызықты етеді.

3. *Тәуелсіздікті дамыту.* Физика саласындағы шығармашылық мәселелерді шешу тәуелсіз ойлауды және оқушылардың тәуелсіздігін дамытуға ықпал ететін шешімдерді іздеуді қажет етеді.

4. *Жаңа білім мен дағдыларды игеру.* Физиканы оқытуда шығармашылық қабілеттерді қалыптастыру оқушылардың білімін байытады, олардың көкжиегін кеңейтеді және жаңа дағдыларды дамытады.

5. *Оқуға деген ынтаны арттыру.* Физиканы оқыту процесінде шығармашылықты дамытатын оқушылар оқуға қызығушылық пен мотивацияны көбірек көрсетеді, бұл олардың оқу жетістіктеріне әсер етуі мүмкін.

6. *Болашақ кәсіби қызметке дайындық.* Физиканы оқыту процесінде шығармашылықты қалыптастыру, әсіресе олар ғылыми немесе техникалық мамандықтарды таңдаған болса, оқушылардың болашақ кәсіби қызметі үшін пайдалы болуы мүмкін.

Оқушылардың шығармашылық қабілеті физикалық құбылыстар мен процестерді меңгеруде белгілі бір құрылғылардың көмегімен физикалық шаманы анықтау қажет тапсырмаларды орындау кезінде көрінеді[3]. Мысалы:

- мыс монеталардың көмегімен сызғыштың массасын қалай табуға болады?

- тек сызғышпен тар цилиндрлік ыдыста жүзетін таяқша жасалған ағаштың тығыздығын қалай табуға болады?

- цилиндрлік банка, секундомер, штангенциркуль бар судың шүмектен ағу жылдамдығын қалай табуға болады және т.б.

Физиканы оқытуда оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру үшін проблемалық оқытуды қолдануға болады. Сабақта мұғалім жай ғана дайын материал берудің орнына қызықты физикалық тапсырманы немесе оқушылар өздері шешуі керек мәселені ұсына алады. Бұл оларға білімдерін қолдануға және түйсігі мен логикалық ойлауын дамытуға көмектеседі [4].

10-сынып [5]. *Динамика тарауы бойынша шығармашылық тапсырманы қарастырайық.*

Күн мен оның жүйесіндегі планеталардың арасындағы тартылыс күшін анықтаңдар. Алынған нәтижелерге талдау жасаңдар. Қажетті мәліметтерді анықтамалық қосымша әдебиеттерден алыңдар.

Жауабы: Күн мен Күн жүйесіндегі планеталар арасындағы тартылыс күші планеталардың Күннің айналасындағы қозғалысын қамтамасыз етеді. Бұл күш Ньютонның гравитациялық заңымен анықталады. Гравитациялық тартылыс күші екі дененің массасы мен олардың арасындағы қашықтыққа тәуелді. Осы тапсырмада әрбір планета мен Күн арасындағы тартылыс күші есептеліп, алынған нәтижелерге талдау жүргізіледі.

1. *Ньютонның гравитациялық заңы*

Күн мен планеталар арасындағы тартылыс күші Ньютонның әмбебап гравитация заңымен есептеледі: $F = \frac{GM_k M_n}{r^2}$, мұндағы F – Күн мен планета арасындағы

гравитациялық тартылыс күші (Н), $G = 6,67 \cdot 10^{-11} \frac{H \cdot m^2}{kg^2}$ – гравитациялық тұрақты, M_k –

Күннің массасы ($1,989 \cdot 10^{30}$ кг), M_n – планетаның массасы (кг), r – Күн мен планетаның арасындағы орташа қашықтық (м).



2. Қажет болған жағдайда анықтамалық әдебиеттерден мәліметтер алынады.

1-кесте. Кестелік мәліметтер

Планета	Массасы (кг)	Күннен орташа қашықтығы (м)
Меркурий	$3,33 \cdot 10^{23}$	$5,79 \cdot 10^{10}$
Шолпан	$4,87 \cdot 10^{24}$	$1,08 \cdot 10^{11}$
Жер	$5,97 \cdot 10^{24}$	$1,50 \cdot 10^{11}$
Марс	$6,42 \cdot 10^{23}$	$2,28 \cdot 10^{11}$
Юпитер	$1,90 \cdot 10^{27}$	$7,78 \cdot 10^{11}$
Сатурн	$5,68 \cdot 10^{26}$	$1,43 \cdot 10^{12}$
Уран	$8,68 \cdot 10^{25}$	$2,87 \cdot 10^{12}$
Нептун	$1,02 \cdot 10^{26}$	$4,50 \cdot 10^{12}$

3. Есептеулер жүргізіледі.

Әрбір планета үшін тартылыс күшін есептейік. Мысалы, Меркурий үшін тартылыс күші былай есептеледі:

$$F_{\text{Меркурий}} = \frac{6,67 \cdot 10^{-11} \frac{H \cdot m^2}{кг^2} \cdot 1,989 \cdot 10^{30} кг \cdot 3,30 \cdot 10^{23} кг}{5,79 \cdot 10^{10} м} = 1,32 \cdot 10^{22} H$$

Осы формула бойынша қалған планеталар үшін тартылыс күшін есептейміз. Барлық планеталар үшін анықталған мәліметтер кестесі төменде көрсетілген (2-кесте).

2-кесте

Планета	Тартылыс күші (Н)
Меркурий	$1,32 \cdot 10^{22}$
Шолпан	$3,52 \cdot 10^{23}$
Жер	$3,54 \cdot 10^{23}$
Марс	$1,69 \cdot 10^{22}$
Юпитер	$4,17 \cdot 10^{25}$
Сатурн	$3,71 \cdot 10^{24}$
Уран	$5,90 \cdot 10^{23}$
Нептун	$3,60 \cdot 10^{23}$

4. Нәтижелерге талдау

- Юпитер мен Сатурн Күнмен ең үлкен тартылыс күшіне ие, себебі олардың массасы үлкен және қашықтықтары салыстырмалы түрде орташа;

- Меркурий мен Марс Күнге жақын орналасқанымен, олардың массасы аз болғандықтан тартылыс күші де аз;

- Жер мен Шолпан шамамен бірдей тартылыс күшіне ие, себебі олардың массалары мен Күннен қашықтығы ұқсас;

- қашықтық ұлғайған сайын тартылыс күші азаяды. Мысалы, Нептун мен Уранның тартылыс күштері Юпитерге қарағанда айтарлықтай аз, себебі олардың Күннен қашықтығы үлкен.



5. Қорытынды

Алынған нәтижелер көрсеткендей, Күн жүйесіндегі әрбір планета Күнмен әртүрлі тартылыс күшіне ие. Бұл күш планетаның массасына және Күннен қашықтығына тәуелді. Юпитер ең үлкен тартылыс күшіне ие, ал кіші планеталар үшін бұл күш айтарлықтай аз.

Күн мен Күн жүйесіндегі планеталардың арасындағы тартылыс күшін есептеу және алынған нәтижелерге талдау жасау оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Мұндай тапсырмалар тек теориялық білім алумен шектелмейді, олар оқушылардың логикалық ойлауын, зерттеушілік дағдыларын, сыни көзқарасын және шығармашылық қабілеттерін қалыптастырады. Бұл тапсырманың оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалай қалыптастыратыны төменде көрсетілген:

1. *Зерттеу және деректерді жинау дағдыларын қалыптастыру.* Оқушыларға қажетті мәліметтерді өз бетімен анықтамалық әдебиеттерден табу, деректерді жинау және оларды талдау тапсырылғанда, олар зерттеушілік қабілеттерін қалыптастырады. Зерттеу процесі шығармашылықтың негізі болып табылады, себебі ол ақпаратты іздеу, жаңа білім игеру және оны қолдануды үйретеді.

2. *Математикалық және физикалық ойлауды қалыптастыру.* Тартылыс күшін есептеу арқылы оқушылар математикалық және физикалық заңдылықтарды түсініп, оларды есептер шығаруда қолданады. Бұл олардың логикалық ойлау қабілетін қалыптастырады, сонымен қатар математикалық есептерді шешу арқылы жаңа шешімдер мен амалдарды табуға көмектеседі, яғни шығармашылық процестің негізін қалайды.

3. *Сыни ойлау және проблемаларды шешу қабілеттерін қалыптастыру.* Тапсырманы орындау барысында оқушылар түрлі факторларды салыстырып, талдау жасайды. Бұл сыни ойлау мен күрделі проблемаларды шешу қабілеттерін қалыптастырады. Оқушылар ақпаратты талдап, оны жаңаша көруге және қорытынды жасауға дағдыланады.

4. *Шығармашылық талдау және салыстыру дағдыларын қалыптастыру.* Оқушылар тартылыс күшінің планеталар арасында қалай өзгеретінін және бұл өзгерістердің себебін талдау арқылы жаңа көзқарастар қалыптастырады. Мұндай талдау шығармашылық қабілеттердің негізі болып табылады, өйткені оқушылар ақпаратты жаңаша түсініп, сол бойынша қорытындылар жасайды.

5. *Тәжірибелік дағдылар мен ғылымға қызығушылықты қалыптастыру.* Бұл тапсырма ғылыми қызығушылықты арттыруға ықпал етеді. Оқушылар өздерінің алған білімдерін тәжірибе арқылы тексеріп, нақты деректермен жұмыс істейді. Бұл олардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырып, ғылымға деген қызығушылығын оятады.

6. *Көпқырлы шығармашылық тапсырмалар арқылы қабілеттерді қалыптастыру.* Тапсырма көпқырлы болғандықтан, ол оқушыларды түрлі бағытта ойлануға және әрекет етуге итермелейді: мәліметтерді табу, оларды есептеу, талдау және шығармашылық тұрғыдан түсіну. Осылайша, бір тапсырма бірнеше қабілетті қалыптастырады.

Мұндай тапсырмалар оқушылардың өзіндік көзқарастарын қалыптастырып, олардың шығармашылық қабілеттерін аша түседі.

Оқушының шығармашылық қабілеті олардың қабылдау және меңгеру деңгейіне қарай теориялық-практикалық білімін сараптау деңгейіне байланысты: - заңдылықтарды білу қабілеті; - физикалық шамаларды есептеу дәрежесі; - формулаларды түрлендіру қабілеті; - өз бетінше жұмыс істеу қабілеті; - үй тапсырмасын орындау дәрежесі; - жаңа тақырыпты меңгеру қабілеті; - логикалық ойлау қабілеті; - қосымша сұрақтар қою белсенділігі.

Осындай тәжірибе арқылы оқушылардың білімін, дағдыларын, ойлау қабілетін, шығармашылық ізденісін бақылау арқылы біршама нәтижеге жетуге болады[1].



Оқушыларға шығармашылық ойлауды, тәуелсіздікті, стандартты емес мәселелерді шеше білуді және ғылыми ақпаратпен жұмыс істеуді дамытуға көмектесетін тапсырмалар төменде көрсетілген:

- *физикалық модельдерді әзірлеу*: оқушыларға қол жетімді материалдарды қолдана отырып, күрделі физикалық құбылыстың немесе жүйенің физикалық моделін (мысалы, толқындық қозғалыс моделі, кванттық эффекттерді ескере отырып атом моделі және т.б.) құруды ұсынуға болады. Тапсырма дұрыс материалды таңдауды, модель құруды және оны көрсетуді қамтиды;

- *проблемалық есептерді шығару*: оқушыларға шығармашылықты қажет ететін бірқатар проблемалық мәселелерді шешуге арналған тапсырма беруге болады (мысалы, гетерогенді ортадағы денелердің қозғалысы туралы есептер, күрделі құрылымдардағы денелердің тепе-теңдігі туралы есептер және т.б.). Бұл тапсырмалар талдауды, оны шешудің стандартты емес тәсілдерін іздеуді және алынған нәтижелерді тексеруді қамтиды;

- *ғылыми жобаны құру*: оқушыларды физика саласында өздерінің ғылыми жобаларын дайындауға бағыттау (мысалы, экстремалды жағдайларда физикалық құбылыстардың әсерін зерттеу, зерттеудің жаңа әдісін әзірлеу және т.б.). Тапсырма жоба тақырыбын таңдауды, оның орындалуын жоспарлауды, деректерді жинауды және нәтижелерді талдауды қамтиды.

Бүгінгі таңда оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, әсіресе мектепте физика пәнін оқытуда, ерекше маңызға ие. Дегенмен, білім беру жүйесіндегі кейбір кемшіліктер мен оқушыларға жеке көзқарастың жеткіліксіздігі осы қабілеттерді қалыптастыруға кедергі келтіреді. Физика сабақтарында оқушылардың шығармашылық әлеуетін тиімді қалыптастыру үшін, олардың қызығушылықтарын ескере отырып, қауіпсіз әрі қолайлы білім беру ортасын құру қажет. Әрбір оқушының даралық ерекшеліктерін назарға алып, өзін-өзі көрсету мен жүзеге асыру үшін түрлі мүмкіндіктер ұсынылуы тиіс.

Шығармашылық қабілеттерді сәтті қалыптастыруда интерактивті оқыту әдістерін қолдану, стандартты емес тапсырмаларды шешуге тарту, ғылыми тәжірибелер мен жобалық жұмыстар жүргізу маңызды құрамдас бөлік болып табылады. Мұндай тәсіл оқушылардың аналитикалық ойлау, шығармашылық, командада жұмыс істей білу және стандартты емес мәселелерді шешу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Осылайша, мектепте физиканы оқыту кезінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру мәселесі кешенді түрде қарастырылуы тиіс, сонымен қатар, қазіргі ақпараттық қоғамда табысты өмір сүру үшін тұлғаны дамытуға және негізгі дағдыларды қалыптастыруға бағытталған инновациялық әдістерді іздестіруді талап етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Б.Д.Жарыққапова Оқушылардың физика пәніне қызығушылығы мен шығармашылық қабілеттерін дамуы // «Физика» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы, 2022. – Алматы, №3(100). -Б.12-14.

2. Т.С.Нұрбатырова Физика сабағында шығармашылық қабілетті жетілдіру жолдары // «Ізденіс» халықаралық ғылыми журналы, 2015-Алматы, №4(1). -Б.13-18.

3. М.В.Ткачева Развитие креативности обучающихся на уроках физики <https://multiurok.ru/tkachevamv/files/3/>

4. А.Ж.Қали Негізгі мектепте физиканы оқытуда оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру әдістемесі // «Қазіргі замандағы білім және ғылым: ххі ғасырдың мәселелері» атты XV Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. V том. – Астана, 2023. - Б.57-60.

5. Н.А.Закирова, Р.Р.Аширов Физика. Жлпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. –Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ», 2019. – 240 б.



ОРТА МЕКТЕПТЕ «ЭЛЕКТРОМАГНИТТІ ҚҰБЫЛЫСТАР» ТАРАУЫН ОҚИТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Есмағамбетова Нұркамал Ғабитқызы

Абай атындағы ҚазҰПУ математика, физика және информатика институтының
2 курс магистранты
Алматы, Қазақстан



<https://doi.org/10.5281/zenodo.14250417>

Аннотация: Мақалада орта мектепте «Электромагниттік құбылыстар» тақырыбын оқытуда инновациялық құралдарды қолдану қарастырылады. Оқушылардың физикаға деген қызығушылығын арттыру және материалды игеруді жақсарту үшін осы тәсілдің өзектілігі көрсетілген. Оқытудың дәстүрлі әдістері мен олардың кемшіліктері сипатталған және инновациялық технологиялар, соның ішінде интерактивті тақталар, виртуалды зертханалар ұсынылған.

Кілтті сөздер: инновациялық құралдар, оқыту, электромагниттік құбылыстар, орта мектеп, интерактивті технологиялар, виртуалды зертханалар, жобалау әдістері, оқытудың белсенді әдістері.

Орта мектеп физика курсының маңызды бөлігін құрайтын «Электромагниттік құбылыстар» тарауы оқушыларға электр мен магниттің өзара әрекеттесуі туралы негіздер мен принциптерді түсінуге көмектеседі.

Бұл тақырып арқылы оқушылар электр мен магниттің өзара әрекеттесуі, физикалық заңдылықтары және олардың күнделікті өмірдегі рөлі туралы терең білім алады. Дегенмен, дәстүрлі оқыту тәсілдері көбінесе оқушылардың ынтасын төмендетіп, материалды тиімді меңгеруге кедергі келтіреді.

Осы орайда, инновациялық құралдарды пайдалану – білім беру процесін жаңғыртудың тиімді жолы. Интерактивті технологиялар, мультимедиялық презентациялар, виртуалды эксперименттер мен жобалық әдістер оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыруға, оқу материалын жеңіл қабылдауға және практикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.

Заман талабына сай, білім беру жүйесі де өзгерістерге ұшырауда. Инновациялық құралдарды пайдалану – білім беру процесін жаңғыртудың тиімді жолы. Интерактивті технологиялар, мультимедиялық презентациялар, виртуалды эксперименттер мен жобалық әдістер оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыруға, оқу материалын жеңіл қабылдауға және практикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Оқу барысында оқушылар өз бетінше тәжірибе жасап, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік алады.

Ақпараттық-түсіндірмелі оқытудан инновациялық тиімділікке көшу оқу процесінде жаңа компьютерлік және әртүрлі ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды, еркін ізденіс қызметін қамтамасыз ететін бейнематериалдарды қолданумен байланысты, сондай-ақ даму мен тұлғалық бағдарлауды көздейді[1].

Инновациялық құралдар білім беру процесінде бірнеше маңызды рөл атқарады. Олар:



1. *Оқу материалын визуализациялау.* Интерактивті технологиялар, мультимедиялық контент пен виртуалды лабораториялар оқушыларға абстрактылы физикалық концепцияларды нақты визуализациялауға мүмкіндік береді. Мысалы, электр өрістерінің және магниттік күштердің визуалды көрсетілімдері оқушылардың материалды тереңірек түсінуіне көмектеседі.

2. *Оқушылардың ынтымақтасуын арттыру.* Оқу барысында ойын элементтерін енгізу, интерактивті жаттығулар мен жобалық жұмыстар оқушылардың қызығушылығын жоғарылатады. Олар сабаққа белсенді қатысып, өз бетінше ізденуге итермелейді.

3. *Тәжірибелік дағдыларды дамыту.* Виртуалды эксперименттер мен практикалық жұмыстар оқушыларға өз тәжірибелерін жасап, теориялық білімдерін практикалық тұрғыда қолдануға мүмкіндік береді. Бұл дағдылар олардың болашақ кәсіби өмірінде пайдалы болады.

4. *Жеке оқу траекторияларын қалыптастыру.* Инновациялық құралдар әрбір оқушының жеке мүмкіндіктеріне сәйкес оқу бағдарламаларын құруға мүмкіндік береді. Оқушылар өз темпінде білім алып, қиындықтарына байланысты қолдау ала алады.

Болашақта білім сапасын арттыруға бағытталған практикалық ұсыныстар төменде көрсетілген:

- *мұғалімдердің біліктілігін арттыру:* инновациялық құралдарды тиімді пайдалану үшін мұғалімдерге арнайы тренингтер мен курстар ұйымдастыру қажет. Бұл мұғалімдердің жаңа технологияларды меңгеруіне және оларды сабақта қолдануға көмектеседі.

- *инфрақұрылымды дамыту:* оқушылар мен мұғалімдер үшін қажетті техникалық жабдықтарды (компьютерлер, проекторлар, интерактивті тақталар) қамтамасыз ету маңызды. Оқу ортасының заманауи болуы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады.

- *ата-аналармен ынтымақтасу:* оқу процесіне ата-аналарды тарту, оларды жанашылдықтармен таныстыру оқушылардың білім алу мотивациясын жоғарылатады.

Инновациялық құралдардың білім беру процесіндегі рөлі мен тиімділігін көрсетіп, болашақта білім сапасын арттыруға бағытталған практикалық ұсыныстар беріледі. Сонымен қатар, мұғалімдердің осы әдістерді енгізу барысындағы қиындықтары мен мүмкіндіктері де қарастырылады.

Инновациялық әдістерді білім беру процесіне енгізу барысында мұғалімдер түрлі қиындықтарға кездеседі.

Біріншіден, техникалық кедергілер, яғни жабдықтардың болмауы немесе ескірген құралдар, мұғалімдердің жаңа технологияларды тиімді пайдалануына кедергі келтіреді.

Екіншіден, тренингтердің тапшылығы білім берушілердің заманауи әдістерді меңгеру мүмкіндігін шектейді, нәтижесінде олар инновациялық құралдарды қолдану дағдыларын дамытуда қиындықтарға тап болады. Соңында, мазмұндық дайындықтың жеткіліксіздігі инновациялық әдістердің әлеуетін толық ашуға мүмкіндік бермейді.

Инновациялық құралдарды енгізудің тиімділігі үшін осы қиындықтарды жеңу қажет. Бұл үшін техникалық инфрақұрылымды дамыту, мұғалімдердің біліктілігін арттыру бойынша курстар ұйымдастыру және инновациялық әдістерді қолдануға арналған практикалық дайындық шараларын жүргізу маңызды. Тек осылайша білім беру процесін жаңғыртып, оқушылардың білім сапасын арттыруға қол жеткізуге болады.

Инновациялық құралдарды білім беру процесіне енгізу көптеген мүмкіндіктер ашады.

Біріншіден, жаңа әдістерді қолдану мұғалімдердің оқыту әдістемесін жаңартып, сабақтардың сапасын едәуір арттыруға ықпал етеді.

Екіншіден, инновациялық құралдарды пайдалану сабақтардың формасын өзгертуге, оқушылармен өзара әрекеттесу әдістерін байытуға мүмкіндік береді, бұл олардың қызығушылығын арттырады.

Соңында, педагогикалық қауымдастықта мұғалімдер арасында тәжірибе алмасу мен инновациялық әдістерді талқылау ынтымақтастықты күшейтеді, білім беруді жетілдіруге бағытталған ортақ жобаларды жүзеге асыруға ықпал етеді. Осы мүмкіндіктерді тиімді пайдалану білім беру процесін жаңғыртуға және оқушылардың білім сапасын арттыруға оң әсер етеді.


Осылайша, инновациялық құралдардың білім беру процесіндегі рөлі мен тиімділігі, сондай-ақ мұғалімдердің кездесетін қиындықтары мен мүмкіндіктері білім сапасын арттыруға бағытталған кешенді шешімдер қабылдауды талап етеді.

Бірнеше мысалдар келтірейік.

1. Әр түрлі эксперименттерді модельдейтін «Ашық физика» бағдарламасы[2,3].

1-тапсырма. «Параллель токтардың өзара әрекеттесуі»

Компьютерлік модель (1-сурет) параллель токтардың магниттік өзара әрекеттесуі бойынша эксперименттің иллюстрациясы болып табылады. Бұл эксперимент SI жүйесіндегі ток күшінің ампер (А) бірлігін анықтауға негіз болады. Параллель өткізгіштерде ағатын токтардың күштерін, сондай-ақ олардың арасындағы қашықтықты өзгертуге болады. Дисплейде өткізгіштердің әрқайсысының ұзындық бірлігіне әсер ететін магнит өрісінің индукциялық мәндері (көк) және ампер күші F (қызыл) көрсетіледі.




1-сурет. «Параллель токтардың өзара әрекеттесуі» моделі

«Электромагниттік құбылыстар» тақырыбын түсіндіру үшін бірнеше инновациялық құралдар мен әдістерді қолдану оқушылардың электромагниттік өріс, индукция, электромагниттік толқындар сияқты құбылыстарды жақсы түсінуіне және оқу үдерісін қызықты етуге көмектеседі. Міне, осы тақырыпты түсіндіру үшін ұсынылатын құралдар мен тапсырмалар:

Виртуалды симуляциялар:

2. *PhET Симуляторлары* (phet.colorado.edu) – бұл онлайн платформа электромагнетизм тақырыбын толыққанды түсіндіру үшін түрлі интерактивті симуляцияларды ұсынады. Мысалы, электромагниттік индукцияны көрсету үшін магнит пен катушка симуляцияларын қолдануға болады[4].



2-сурет. PhET Симуляторлары арқылы Фарадей заңын түсіндіру

Circuit Construction Kit – электр және магнит өрістерінің өзара әрекеттесуін түсіндіретін симулятор. Мұнда оқушылар шынайы өмірде зертханалық құралдарды пайдалану мүмкін болмаған кезде тәжірибелік зерттеулер жүргізе алады.

2-тапсырма: «Катушка мен магнитті пайдаланып, электромагниттік индукцияны зерттеу»

Тапсырма сипаттамасы:

- Катушканың айналасына магнитті жақындатыңыз немесе алыстатыңыз. Катушкадағы ток өзгерістерін бақылаңыз.
- Катушканы әртүрлі жылдамдықпен айналдырыңыз және ток мәндерінің өзгерісін график түрінде салыңыз.

Сұрақтар:

- Магниттің жылдамдығы мен ток арасындағы байланыс қандай?
- Магнитті катушкадан алыстатсаңыз немесе жақындатсаңыз, ток өзгерісін қалай сипаттауға болады?

Жауаптары:


Жылдамдық пен токтың байланысы:

Магниттің жылдамдығы артқан сайын катушкадағы ток күшейеді, өйткені индукцияланатын электромагниттік өріс күшейеді. Тәжірибе барысында алынған мәліметтер төменде көрсетілген(1-кесте).

1-кесте

Уақыт (сек)	Ток (мА)
0	0
1	2
2	5
3	3
4	7

Графикте магнитті жылдам жылжитқанда токтың айқын шыңдарға жететіні байқалады. Бұл шыңдар магнит өрісінің өзгеріс жылдамдығымен тікелей байланысты.



3-сурет. Электромагниттік индукция: уақытқа байланысты токтың өзгерісінің графигі

Бұл тапсырма арқылы оқушылар электромагниттік индукцияның негізін түсінеді, яғни магниттің қозғалысы катушкада ток тудырады, бұл индукцияның негізі болып табылады.

3-тапсырма: Фарадей заңын зерттеу

Фарадейдің электромагниттік индукция заңын тексеру үшін екі катушканы қолданып, индукцияланған ЭҚК-тің магнит ағынының өзгеру жылдамдығына тәуелділігін анықтаймыз[5].

Теориялық негіздеме:

Фарадей заңы бойынша индукцияланған электромагниттік күш (ЭҚК) магнит ағынының уақыт бойынша өзгеруіне тура пропорционал:

$$\varepsilon = -N \frac{d\Phi}{dt}$$

мұндағы: ε – индукцияланған ЭҚК, N – катушкадағы орамдар саны, $\Phi = B \cdot A$ – магнит ағыны, B – магнит өрісінің индукциясы, A – катушка қимасының ауданы.


Тәжірибе жасау нұсқаулығы:

1. Бірінші катушканы тұрақты ток көзіне жалғап, оның магнит ағынын өзгертіңіз.
2. Екінші катушканы магнит өрісіне жақындатыңыз және индукцияланған ЭҚК-ті өлшеңіз.
3. Өртүрлі магнит өрісінің өзгеріс жылдамдығы бойынша индукцияланған ЭҚК-тің мәндерін кестеге енгізіп, графикке салыңыз.

Берілген мәндер: катушкадағы орамдар саны: $N = 100$, катушка қимасының ауданы: $A = 0.01 \text{ м}^2$

2-кесте. Тәжірибе барысында алынған мәліметтер

Уақыт (сек)	Магнит ағыны Φ (Вб)	$\Delta\Phi/\Delta t$ (Вб/с)	Индукцияланған ЭҚК, ε (В)
0	0,0	-	0,0
1	0,3	0,3	-30
2	0,6	0,3	-30
3	0,9	0,3	-30
4	1,2	0,3	-30



4-сурет. Фарадей заңы: уақытқа байланысты индукцияланған ЭҚК өзгерісі

Электромагниттік құбылыстарды мектепте оқытуда инновациялық тәсілдерді қолдану оқушылардың білім алуын тиімді және қызықты етеді. Заманауи құралдар мен әдістер физика заңдарын түсіндіруді жеңілдетіп қана қоймай, оларды тәжірибелік тұрғыдан зерттеуге мүмкіндік береді. Мұндай тәсілдер оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, қиын тақырыптарды тереңірек игеруіне ықпал етеді.

Жаңа технологиялар арқылы оқушылар электромагниттік индукция сияқты құбылыстарды нақты уақыт режимінде бақылап, олардың өзгеру динамикасын көрнекі түрде көре алады. Бұған қоса, виртуалды тәжірибелер жасау қауіпсіз әрі қолжетімді, ал қолмен жасалатын практикалық жұмыстар оқушылардың техникалық және зерттеу дағдыларын дамытады. Интерактивті оқу үдерісінде оқушылар физикалық құбылыстарды зерттеуді жеке зертханалық жұмыспен біріктіріп, материалды есте сақтау қабілетін жақсартады.

Осындай технологияларды қолдану физиканың күрделі тақырыптарын түсінікті әрі қолжетімді етеді, бұл өз кезегінде оқушылардың ғылыми ізденіс пен шығармашылық қабілеттерін дамытуға үлкен мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Черкасов М. Н. Инновационные методы обучения студентов. Материалы XIV Международной заочной научно-практической конференции «Инновации в науке» (Россия, г. Новосибирск, 19 ноября 2012 г.) // URL: <http://sibac.info/index.php/2009-07-01-10-21-16/3748-xiv-----1-r>
2. Physics e-book. <http://ultra.lan>.
3. Virtual fund of natural and technical scientific effects «Effective physics». <http://effects.ru>
4. https://phet.colorado.edu/sims/html/faradays-electromagnetic-lab/latest/faradays-electromagnetic-lab_all.html
5. Б.А. Кронгарт, Д.М.Қазақбаева, О.Имамбеков, Т.Қыстаубаев Физика. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика Ф49 бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. 2-бөлім. -Алматы: «Мектеп», 2019. - 200 б.



ШЕТ ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКАСЫН ОҚЫТУДАҒЫ КОНТЕКСТІҢ АРТЫҚШЫЛАРЫН ЗЕРТТЕУ

Нусупханова Назерке Талғатқызы

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, 2-курс магистрант

Ғылыми жетекшісі: PhD доктор Мейрамбекова Л.К.

Өскемен, Қазақстан



<https://doi.org/10.5281/zenodo.14250417>

Аңдатпа: Бұл мақалада шет тілін, атап айтқанда шетел лексикасын оқытудағы контекстік тәсілдің оң жақтары қарастырылады. Контексті оқыту күнделікті өмірде, іскерлік жазуда және басқа отрада қолданылатын сөздерді үйренуге қажет. Бұл кез келген жастағы және деңгейдегі оқушыларға шет тілін жақсы түсіну және үйрену үшін маңызды.

Түйін сөздер: контекст, шет тілі, лексика, оқу, оқушы.

Кіріспе. Шетел тілін контекстік оқыту дегеніміз - бұл сөздер мен сөз тіркестерінің әртүрлі қарым-қатынас жағдайында қалай қолданылатынын түсіну арқылы тілді үйрену процесі. «Контекст» ұғымы сөздердің тілдік мағыналарын ғана емес, олардың қолданылуына әсер ететін мәдени, әлеуметтік және грамматикалық аспектілерді де қамтиды.

Оқушының коммуникативті мәдениетінің деңгейін арттыру үшін оқытудағы контекстік тәсілдің маңызы зор. Тілдік материалды баяндауда оқу білімдері жалпыланады, метафораланады, оны тәжірибеде қолдану механизмін іздестіру басталады. Осылайша, кәсіби оқыту және дамыту идеясы өзекті болады [1]. Тілді контекст арқылы үйрену жеке сөздерді есте сақтауға ғана емес, олардың нақты коммуникативті жағдайларда қалай қолданылатынын түсінуге де көмектеседі. Контексті оқыту оқушыларға шет тілін қолдануда сенімді болуға көмектесу үшін сөздік, грамматика және мәдениетті біріктіреді.

Негізгі бөлім

Шет тілінің лексикасын үйретуді қарастырғанда, ең алдымен лингвистикалық контекст жайлы жазу керек. Белгілі бір сөздің оқушы жеткізгісі келетін мағынаға сәйкес келетінін білу өте маңызды. Мәселен, «heavy» және «difficult» сөздерін сөздіктен іздегенде «ауыр» деген аудармасын табуға болады, бірақ «difficult» сөзін қиын деген мағынада қолданылса, «heavy» сөзі физикалық ауырлық мағынасында қолданылуы тиіс.

Сондай-ақ шет тілін үйрену процесінде мәдени контекст үлкен маңызға ие. Мысалы, футбол ойыны әлем бойынша «football» деген сөзбен байланысты, алайда АҚШ та американдықтар өздерінің футболын «soccer» деп атайды.

Сонымен қатар, жағдаяттық контекст: бір сөз немесе сөз тіркесі жағдайға байланысты әртүрлі мән білдіруі мүмкін. Мәселен, ағылшын «bug» сөзі көпшілік үшін «жәндік, құрт-құмырсқа» дегенді білдіреді, алайда IT ортада ол «ақаулық, техникалық қателіктер» мағынасында белгілі. Бұл жерде контексті білудің қаншалықты қажет екеніне көз жеткізуге болады.

Шет тілін контекст арқылы оқытуға қалай болады?

Мұғаліммен және мұғалімсіз мәтіндерді оқу және талдау әрқашан өзекті болып табылады. Оқушы мәтінді оқығанда сөздердің әртүрлі сөйлемдер мен жағдаяттарда қалай қолданылатынын талдай алады.

Сабақта аудио тректерді тыңдау сөздер мен өрнектердің нақты сөйлеуде, соның ішінде интонация мен екпінде қалай қолданылатынын түсінуге көмектеседі. Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін контексте қолдану үшін студенттер нақты өмірлік жағдаяттарды ойнай алатын ойындар да пайдалы.



Сабақ үстінде видео материал, яғни кино, сериалдардан үзінділерді қарап, сөздердің қалай қолданылатынын мұғаліммен бірге қарастыруға болады.

Сыныптағы бұл іс-әрекеттер оны пайдалы және тиімді етіп қана қоймайды, сонымен қатар сабақ бойы оқушылардың қызығушылығын сақтауға көмектеседі.

Оқу бағдарламасы мен оқыту әдістерінің контекстік оқыту теориясына сүйене отырып, оқу материалдары оқушының тәжірибесімен және қызығушылықтарымен байланысты болса, оқыту тиімдірек болады. Бұл студенттерге оқып жатқан нәрселерімен байланыстыруға көмектеседі, өйткені оларда тақырыпқа қатысты бастапқы білім бар және сыныптағы оқу процесіне белсенді қатысады.

Қазіргі уақытта ғаламторда көптеген қолжетімді және тегін ресурстар бар, сондықтан мұндай тапсырма дайындау көп уақытты қажет етпейді, бұл да үлкен артықшылық. [2]

Шет тілі лексикасын контекст арқылы оқытудың тиімділігі

Бұл әдісті қолданудың жағымды жақтары ұсынылған жағдайды бағалау, негізгі ақпаратты іріктеу, сұрақтарды дұрыс құрастыру, жағдайды дамыту жолдарын болжау және кез келген шешім қабылдау арқылы теориялық және практикалық материалдардың арақатынасына ықпал етеді. [3]

Дұрыс контексті білмей, сөздің мағынасы толық емес немесе тіпті қате болуы мүмкін. Мәтінмен студенттерге сөздің немесе өрнектің дұрыс мағынасы мен қолданылуын көруге көмектеседі. Сонымен қатар, контекст қай кезде көбірек ресми тілді (іскерлік стиль) және қай кезде бейресми түрде сөйлеу керектігін ажыратуға мүмкіндік береді.

Идиоматикалық тіркестер мен фразеологиялық бірліктерді үйрену бұл тәсілмен жақсырақ жұмыс істейді. Контексте бөлек түсініксіз болуы мүмкін жиынтық фразалар мен сөз тіркестерін түсіну оңайырақ. Көптеген сөздерді сөзбе-сөз аудару мүмкін емес, олардың мағынасы тек контекст арқылы ғана айқындалады. Мысалы, ағылшын тіліндегі «break the leg» тіркесінің тура аудармасы көпшілікке түсініксіз болады, алайда оны біреуге сәттілік тілеген кезде қолданылатын контексті білмеген жағдайда мүлдем мағынасы жоқ болып көрінеді.

Сөздік қор мәдениетпен тығыз байланысты болғандықтан, мәдени және әлеуметтік нюанстарды түсіну жақсартады. Сөздерді контексте зерттей отырып, студент мәдениетаралық қарым-қатынаста қателіктерден аулақ бола отырып, оларды әртүрлі жағдайларда қалай және қашан қолдану керектігін жақсы түсінеді. Мысалы, британдықтар өз сөздерінде сыпайы формаларды жиі қолданады. Ең жақсысы, сөздерді сөйлемдер немесе жағдаяттар контекстінде үйренгенде, олар нақты оқиғалармен, бейнелермен немесе эмоциялармен байланысты болғандықтан есте сақтау оңайырақ.

Сабақта контексті оқыту қолданудың кейбір артықшылықтары: оқушыларды жазу әрекетіне тарту; оқушылардың жазу сабағына белсенді қатысуға ынтасын арттыру; оқушыларға өз жазбаларын құрастыруға көмектесу; студенттерге өз мәселелерін шешуге көмектесу; студенттерге достарымен талқылау немесе өзара әрекеттесу тәсілдерін қамтамасыз ету; оқушыларға сабақты қорытындылауға және рефлексиялауға көмектесу. [4]

The theoretical foundations of artificial intelligence and education have had a major impact on the results of the introduction of artificial intelligence into education. For example, after studying 146 articles on the use of artificial intelligence in higher education institutions, the author (Zavacki-Richter et al. (2019) came to the conclusion that there is a serious misunderstanding of the theoretical, pedagogical and ethical consequences of the introduction of artificial intelligence applications in higher education institutions. H. Chen et al. (2020) analyzed 45 major artificial intelligence studies and concluded that only a few of them used learning theory, including situational learning theory and collaborative learning theory, to prove the use of artificial intelligence. Virgo et al. (2021) after reviewing 109 articles on automatic feedback systems, he came to the conclusion that although theory plays an important role in understanding the background of system implementation, the theory of learning or the educational structure used in most cases are not identical.

Therefore, the analysis of research conducted in a certain area has allowed to create a significant gap, the purpose of which is to determine the purpose of the study, the purpose of which is to determine the basic model of the use of artificial intelligence in education.description of the related theoretical foundations and practical applications. Fundamental. The main problems of this study are:

- What is the role of artificial intelligence in education at different stages of development?
- How is artificial intelligence related to existing learning theories?
- How much does the use of artificial intelligence technologies affect learning?

Methodology and methods (methodology and methods). The methodological basis of the proposed research is the theory and method of informatization of education, the method of personality-oriented learning. The main research method is content analysis.

The theoretical basis of this research is scientific works devoted to all aspects of the use of artificial intelligence in education. The academic database used to select articles is Web Of Science, Scopus, Wild Online Library, IEEE, EBSCO.



The selected articles are classified, and the articles of the classification strategy are classified according to behaviorism, cooperativism, constructivism, connectionism, complexity theory, etc. It has been used to group basic learning theories such as

Articles published between 1990 and 2023 were reviewed.

Scientific results and debates. The evolution of artificial intelligence in education.

The use of artificial intelligence in education Model The use of artificial intelligence in education

The evolution of the use of artificial intelligence in education can be represented by a series of interchangeable models. In this article, we will look at three models (Table 1). In the first model, artificial intelligence is used to manage cognitive learning, while students are recipients of artificial intelligence services; in the second model, students are partners, artificial intelligence is used to support learning, and students act together with artificial intelligence; In the third model, students are partners, artificial intelligence is used to support learning, and students act together with artificial intelligence.

The realization of intelligent learning system is a dialogue-based learning system that detects human-computer interaction in the learning environment and is personalized/adaptive

Artificial intelligence methods: statistical relationships, Bayesian and Markov networks, natural language processing, neural computer interfaces, machine learning, deep learning

Act programming teacher, Stat Lady research environment-an example of real-time predictive modeling

Model 1: Receiving students. the

In the first model, students act as recipients, that is, AI provides knowledge of subject areas and guides the learning process, while students act as recipients of AI services. The theoretical basis of this paradigm is behaviorism, which focuses on well-organized structures

The nature of the presentation of materials guides teachers to complete tasks correctly (Skinner, 1953). The first model provides the logic of arrangement and the gradual introduction of new concepts, as well as the closure of the acquired knowledge with the help of program instructions for instant feedback in the event of errors.

React and maximize positive reinforcement (greeno et al., 1996; Schommer, 1990).

As recipients, students respond to more unused educational content and follow clearer learning procedures and trajectories (Holmes et al., 2019; Koshmann, 2009). In the first model of the system, the characteristics of the processing machine are reproduced.

It can be concluded that within the framework of the first paradigm, AI systems are the least student-oriented.

A typical example of Model 1 is an early software system used for intelligent learning, such as an Act programming tutor. ACT is an intelligent tutor based on the cognitive model of programming knowledge. In this process, teachers evaluate the increase in students' knowledge in a process called learning knowledge. The knowledge tracking system uses a simple two-combination processing model and Bayesian updates, which have been proven to be accurate enough to predict performance.

Another example is stat Lady, a series of computerized experimental learning environments in which basic statistical topics are taught. (Shut, 1995). Making a plan expresses the theoretical assumption that arrangement is a constructive process involving practical experience, accompanied by practical examples and problems. Provide students with the following concepts or rules, and then make a decision to show their understanding (assimilation) of each element of the course. Before proceeding to the next point, students must correctly solve at least two tasks. If the student learns to misunderstand the task, he will receive feedback on the concept, formula or rule when writing the task



This is wrong and there are instructions to try again.

Artificial intelligence based on statistical relational methods is usually used in model 1 to identify specific actions of learners or present knowledge as a set of rules for automatic feedback or prompts. Usually, in Model 1, artificial intelligence controls all learning processes, and students receive artificial intelligence services to conduct cognitive research, solve problems, and achieve overall learning.

Model 2: Learning as a partner, the control role of the artificial intelligence system and the auxiliary tool is separated, while the student, as the co-author of the system, focuses on the personal learning process. The second model is based on cognitive and social constructivist learning methods, which represent learning as the process of interaction between students and people, information, and technology in the context of social definition (Bandura, 1986; Liu and Matthews, 2005; Vygotsky, 1978). Therefore, in the second model, artificial intelligence and learning systems must actively interact to optimize individual learning-oriented learning. Artificial intelligence collects personal information from students as input data for adaptive optimization of the learning model, and learns

He is the co-author of the book "Interacting with Artificial Intelligence to Organize More Effective Learning" (Baker et al., 2019; du boulay, 2019; Rose et al., 2019). In general, compared with the first model, the second model takes an important step towards the personalized arrangement of existing community interests between students and artificial intelligence systems.

A dialogue-based arrangement system or advanced arrangement environment has been developed to realize the interaction between the system and the learner. On the one hand, the artificial intelligence system collects and analyzes multimodal data from students in order to accurately understand the processing level. For example, J. Stamper (2006) uses Markov's decision-making process to automatically create rules using student data and refine the rules when new information is received. Keser (2017) uses a dynamic Bayesian network model to represent multiple hierarchies of learner skills and interactions between different skills, which increases the accuracy of learner knowledge representation. On the other hand, students can interact with the system, understand the decision-making process and make the best decisions to continue learning. For example, a research environment called que aims to explore the gap between correct student response and systematic knowledge (Metzler and martincic, 1998). Therefore, students study the process of updating the intellectual system and ask "why not" and "if" questions. These questions are necessary to explain or understand the reasoning process in the interactive learning context. Therefore, unlike the first model of an artificial intelligence system that determines the path of cognitive development, the second model of an artificial intelligence system learns how to interact.,

Training is more student-oriented.

The key question of the second paradigm is to what extent and how to integrate these teachings into the artificial intelligence system in order to optimize the learning model, select all aspects of the learning situation and be able to adapt to artificial intelligence. A common problem is the permanent social state or simultaneous human-computer interaction. This interaction is due to the fact that neither these learners nor the existing system are static or simple. They have a hierarchical structure and change dynamically in the learning process. In other words, it is very important for artificial intelligence systems to analyze data in real time and maintain continuous feedback from students. Students should use this feedback to improve the current processing process. Therefore, it is hoped that the artificial intelligence system will support the continuous collection and analysis of data from students, and provide them with real-time research opportunities to make educational decisions.



Model 3: Learning as a leader In Model 3, students are regarded as leaders in freedom of movement (Bandura, 2006), and artificial intelligence is used as a tool to strengthen human intelligence (Law, 2019). Model 3 reflects the community of syllabus theory (Mason, 2008), which regards education as a syllabus adaptive system in which there are synergies between various elements (for example, teachers, teachers, information and technology). In this case, artificial intelligence must understand that its methods are part of a higher-order system (riedl, 2019). In order to realize friendship in complex systems, concepts such as human-computer interaction are used.

(Hoc, 2000), artificial intelligence of human and machine learning systems (riedl, 2019), human society and artificial intelligence (hvang et al., 2020), Artificial intelligence in education (Yang et al., 2021). In the third model, artificial intelligence helps students and teachers master the level of intelligence, providing a high level of insight, accuracy, and efficiency (riedl, 2019; Yang et al., 2021).

Students have a responsibility to become leaders in the learning process and manage their risks. In general, the third model, as a trend in the development of artificial intelligence, reflects the main goal of using artificial intelligence in education, namely to strengthen human intelligence, capabilities, and potential (Law, 2019; tegmark, 2017).

LITERATURE USED:

1. Daggan S. Creative Intelligence in education: changing the pace of Education. The analytical report of IITO UNESCO; per. with the English.: Parshakova A.V.-Moscow: UNESCO Institute for information technologies in education, 2020

2. Smarakova A. The Future is here. How isous intelligence and education [electronic resource] <https://theoryandpractice.ru/posts/20442-budushchee-uzhe-zdeskak-iskusstvennyy-intellekt-menyaetobrazovanie?ysclid=lj6sgvx2wk834757252> (date: 20.06.2023)

3. Lynch M. Creative Intelligence in education :seven options for learning [electronic resource] <https://the-accel.ru/iskusstvennyiy-intellekt-vobrazovaniy-semvariantov-primeneniya/?ysclid=ljbd0y2j5n134996491> (date: 16.06.2023)

4. Ushchenko A.V. international scientific journal "Bulletin of science" № 6 (63).

4. June 2023 G "Creative Intelligence in education. The introduction of scientific intelligence to ensure the adaptability of Education"

5. https://dzen.ru/a/YylsFUf5wSX_ClnE?share_to=link

6. <https://www.rbc.ru/economics/07/04/2015/5523a39c9a7947c4b623cc39>

7. Scientific Intelligence for science and scientific intelligence / K.V.Anokhin, K.S.Novoselov, S. K. Smirnov [and Dr. [//Questions of philosophy. – 2022. - NO. 3. – P. 93-105. – DOI 10.21146/00428744-2022-3-93-105. - EDN NBENRC.

8. <https://dzen.ru/a/Xrei4ARu2BR53bJ2>



УДК 373.31

**СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАР АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП
ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ****Салгараева Гулайым Ибрагимовна**Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
педагогика және психология магистрі, аға оқытушы,**Жандосқызы Асем, Итбай Ажар, Каден Аружан**

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,

6B01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі БББ-ның 3 курс студенттері,
Алматы, Қазақстан<https://doi.org/10.5281/zenodo.14250417>

Аннотация: Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының экологиялық мәдениетін сыныптан тыс жұмыстар арқылы қалыптастырудың маңыздылығы қарастырылады. Экологиялық білім берудің балалардың қоршаған ортаға деген жауапкершілік сезімін, табиғатты қорғауға деген ынтасын арттырудағы рөлі ерекше. Мақалада сыныптан тыс жұмыстардың түрлі формалары мен әдістері арқылы оқушылардың экологиялық сана-сезімін дамыту жолдары сипатталады.

Түйін сөздер: экологиялық мәдениет, экологиялық білім, сыныптан тыс жұмыстар, бастауыш сынып, табиғатты қорғау, экологиялық тәрбие.

Қазіргі заманның басты мәселелерінің бірі - экологиялық жағдайдың нашарлауы. Табиғи ресурстардың азаюы, қоршаған ортаның ластануы және климаттың өзгеруі адамзаттың алдағы болашағына тікелей әсер етеді. Әсіресе, ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес, атмосфераға шығарылатын көмірқышқыл газының артуы жаһандық жылынуға әкеліп, жер шарының климаттық өзгерістерін жылдамдатуда. Бұл, өз кезегінде, табиғи экожүйелерге және адам денсаулығына зиян келтіруде. Статистикалық мәліметтер бойынша, әлемде жыл сайын 7 миллионнан астам адам ауа ластануы салдарынан қайтыс болады, ал су тапшылығынан миллиардтан астам адам зардап шегуде. Бұл фактілер адамзаттың экологиялық сауаттылығын арттыру қажеттілігін көрсетеді. Қазіргі замандағы экологиялық мәселелердің күрделенуі оқушыларға қоршаған ортаға жауапты көзқарас қалыптастырудың маңыздылығын арттырып отыр. Әсіресе, бастауыш сынып оқушыларында экологиялық мәдениеттің қалыптасуы, олардың табиғатқа деген көзқарасын дамыту бастауыш сынып кезеңінен басталуы қажет. «Экологиялық мәдениет – бұл адамның табиғатпен үйлесімді өмір сүруін қамтамасыз ететін сана-сезім мен мінез-құлық нормаларының жүйесі» деп анықтама береді белгілі ғалым М. Әлімбаева [1]. Бастауыш сынып оқушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастыру - олардың табиғатты қорғауға деген саналы көзқарасын дамытуға мүмкіндік береді. Балаларға қоршаған ортаны қорғау, ресурстарды үнемді пайдалану, қалдықтарды қайта өңдеу және энергия көздерін тиімді пайдалану жайлы білім беру қажет. Мысалы, бастауыш сыныпта экологиялық мазмұндағы іс-шаралар мен сабақтар ұйымдастыру арқылы оқушыларды табиғатқа жақындатып, оларға табиғаттың әрбір бөлігінің маңыздылығын түсіндіру мүмкіндігі туады.



Сонымен қатар, мектепте арнайы экологиялық сабақтар өткізудің маңызы зор. Мұндай сабақтарда оқушылар қалдықтарды қайта өңдеу, суды үнемдеу, электр энергиясын дұрыс пайдалану сияқты нақты іс-әрекеттерді үйренеді. Мысалы, Қазақстанның кейбір мектептерінде "Эко-мектеп" жобасы жүзеге асырылып, оқушыларды қоршаған ортаны қорғау ісіне белсенді қатыстыру көзделген. Бұл жобалар оқушылардың экологиялық мәселелерге жауапкершілікпен қарауына ықпал етеді.

Экологиялық мәдениет қалыптастырудың тағы бір маңызды бағыты – сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастыру. Мысалы, экологиялық саяхаттар, табиғатты қорғау акциялары, қалдықтарды қайта өңдеу шеберлік сыныптары, көгалдандыру жұмыстары сияқты шаралар балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттырады және жауапкершілік сезімін дамытады. Бастауыш сыныптан бастап оқушыларды экологиялық мәселелерді шешуге атсалысуға үйрету болашақта экологиялық сауатты және жауапты азаматтарды қалыптастыруға септігін тигізеді.

Сыныптан тыс жұмыстар экологиялық тәрбие беруде маңызды құралдардың бірі болып табылады. Сыныптан тыс жұмыстар арқылы бұл тәрбиені тереңдету мүмкіндігі зор. Оқушыларға сыныптан тыс уақытында табиғатты қорғауға бағытталған түрлі шаралар ұйымдастыру олардың экологиялық жауапкершілік сезімін қалыптастыруға үлкен үлес қосады. Мұндай жұмыстар арқылы балалар табиғатқа деген сүйіспеншілікті үйренеді, экологиялық мәселелерді шешуге белсенді қатысады. Мақалада экологиялық мәдениетті қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстың рөлі мен тиімділігі қарастырылады.

Экологиялық мәдениет дегеніміз - адамның табиғатпен үйлесімді өмір сүруін қамтамасыз ететін сана-сезім мен мінез-құлық нормаларының жүйесі. Бұл мәдениетті қалыптастыру арқылы жеке тұлғаның қоршаған ортаға деген жауапкершілігі артады. Бастауыш сынып оқушылары үшін бұл мәдениет олардың қоршаған ортамен алғашқы танысуынан басталады. Экологиялық білім беру олардың табиғатқа деген дұрыс көзқарасын қалыптастырып, экологиялық сауаттылығын дамытады. Осы жастағы балалардың табиғатты қорғауға үйрету маңызды, себебі олардың экологиялық сана-сезімі осы кезеңде қалыптасады. Бастауыш сынып оқушыларын табиғатты құрметтеуге, оны қорғауға тәрбиелеу олардың болашақта экологиялық сауатты азамат болып қалыптасуына негіз болады.

«Экологиялық білім берудің басты мақсаты – табиғаттың адам өміріндегі рөлін түсіндіру, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға баулу және табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға тәрбиелеу» деп жазады С. Қожахметова [2]. Бастауыш сынып кезеңінде экологиялық мәдениетті қалыптастыру болашақта экологиялық сауатты қоғамның негізін қалаудың маңызды қадамы болып табылады. Зерттеуші С. Қожахметова балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда ойын тәсілдерін пайдаланудың тиімділігін атап өтеді. Ойын арқылы оқушылар экологиялық проблемаларды түсініп, шешімдерін іздеуге үйренеді. Экологиялық тәрбие барысында балаларға экологиялық әдебиеттерді оқу, экологиялық фильмдер мен бейнебаяндарды қарау ұсынылады, бұл олардың экологиялық ақпаратты игеруін жеңілдетеді. Н. Нұртазина экологиялық тәрбие берудің әр түрлі әдістерін ұсынып, балаларға табиғатқа деген сүйіспеншілікті қалыптастыру үшін практикалық іс-әрекеттердің маңыздылығын атап өтеді. Мысалы, балаларды экологиялық жобаларға тарту, өздерінің экологиялық мәдениетін дамытуға бағытталған іс-шараларды өткізу - бұл оқушылардың жауапкершілік сезімін нығайтады. Табиғатты қорғау мәселелерін шешу үшін экологиялық білім беруді мектептерде ерте жастан бастап енгізу өте маңызды. Оқушыларға табиғатты қорғау, ресурстарды үнемдеу, экологиялық тепе-теңдікті сақтау туралы білім беру, олардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда негіз болады.



М. Әлімбаева экологиялық мәдениетті «табиғатпен үйлесімді өмір сүру» ретінде анықтай отырып, экологиялық сананы қалыптастырудың негізгі бағыттарына тоқталады. Ол экологиялық білімнің маңыздылығын, экологиялық дағдыларды дамыту мен табиғатқа деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу арқылы адамның экологиялық мәдениетін қалыптастырудың қажеттілігін баса айтады.

Сыныптан тыс жұмыстар бастауыш сынып оқушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Мұндай жұмыстар оқушыларға сабақтан тыс уақытта табиғатты қорғау бойынша тәжірибелік дағдыларды игеруге, қоршаған ортаға деген жауапкершілікті арттыруға мүмкіндік береді. Бастауыш сынып оқушыларында экологиялық мәдениетті қалыптастыру үшін сыныптан тыс жұмыстарды дұрыс жоспарлау және ұйымдастыру қажет. Мұғалімдер табиғатты қорғауға бағытталған сыныптан тыс шараларды ұйымдастыруда төмендегі әдістерді пайдалана алады:

Табиғатқа экскурсиялар. Экскурсиялар арқылы оқушылар табиғатты тамашалап, оның сұлулығын түсініп, табиғи объектілердің маңызын түсінеді. Мысалы, ормандарға, өзендерге немесе ұлттық саябақтарға экскурсиялар ұйымдастыру арқылы балалар табиғаттың әртүрлілігімен танысып, оны қорғауға деген қызығушылығы артады. А. Нұртазина бұл бағыттағы жұмыстардың мәнін: «Сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың экологиялық жауапкершілігін арттырудың тиімді жолы. Балалар табиғатқа шығып, оны өз көздерімен көріп, табиғаттың әсемдігін түсінеді» деп сипаттайды [3].

Экологиялық ойындар. Экологиялық ойындар – балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы тиімді әдістердің бірі. Ойын барысында балалар табиғатпен байланысты ұғымдарды оңай меңгеріп, экологиялық сауаттылықты тереңірек игереді. Экологиялық ойындар мен викториналар оқушылардың табиғат туралы білімдерін кеңейтіп қана қоймай, экологиялық мәселелерді шешу жолдарын іздестіруге ынталандырады. Ойындар балалардың табиғатқа деген қызығушылығын оятып, оларды табиғаттағы құбылыстарды байқауға үйретеді. Мысалы, «Қоқыс жинаушы» ойыны арқылы балалар қалдықтарды сұрыптау, қайта өңдеу қажеттілігін түсінеді. Оқушылар топтарға бөлініп, әр түрлі «қоқыс» түрлерін (қағаз, пластик, шыны және металл) арнайы контейнерлерге жинайды. Бұл ойын балалардың қоқысты дұрыс сұрыптау дағдысын қалыптастырумен қатар, қоршаған ортаны ластанудан қорғауға үлес қосуға ынталандырады.

«Табиғат күзетшілері» ойыны – балалардың табиғатқа деген қамқорлық сезімін қалыптастырады. Бұл ойында оқушылар орманды тазалау, ағаштарды қорғау, жануарларға қамқорлық көрсету сияқты тапсырмаларды орындайды. Ойынның мақсаты – балаларға табиғатқа қамқорлық жасаудың маңыздылығын үйрету. Оқушылар табиғаттың әрбір элементінің құндылығын түсініп, қоршаған ортаны сақтауға белсенді қатысады.

«Экологиялық детективтер» ойыны экологиялық мәселелерді анықтауға және оларды шешу жолдарын іздеуге бағытталған. Балалар «экологиялық детектив» ролінде болып, экология мәселелерін зерттеп, шешімдерін табуға тырысады. Мысалы, судың ластануын, ауаның ластануын, ормандардың кесіліп кетуін зерттейді. Бұл ойын балаларды аналитикалық ойлауға, экологиялық мәселелердің себеп-салдарын түсінуге және оларды шешу жолдарын ұсынуға үйретеді.

«Табиғат викторинасы» – балалардың табиғат туралы білімдерін тексеруге бағытталған қызықты викторина. Мұнда балалар өсімдіктер мен жануарлардың атауларын, олардың тіршілік ортасын, қоршаған ортаның әр түрлі ерекшеліктерін анықтап үйренеді. Мысалы, «Бұл қандай құс?», «Мына өсімдік қайда өседі?» сияқты сұрақтар балалардың білімін арттырады және қоршаған ортаға қызығушылығын дамытады.



Экологиялық ойындар мектеп бағдарламасына енгізілгенде, балалар тек табиғат туралы білім алып қоймай, экологиялық проблемаларды шешуге жауапкершілікпен қарайтын тұлға ретінде қалыптасады. Бұл ойындар балалардың топпен жұмыс жасау, жауапкершілік сезімін арттыру, табиғатты қорғау сияқты дағдыларын дамытады.

Жасыл мектеп жобалары. «Жасыл мектеп» жобалары – оқушылардың экологиялық мәдениетін дамытудағы тәжірибелік әдістердің бірі. Бұл жобалар мектептің аумағын көгалдандыруға бағытталып, балаларды табиғат қорғау іс-шараларына белсенді түрде қатыстыруды көздейді. Жобаның басты мақсаты – оқушыларды табиғатқа қамқорлық көрсетуге, жасыл желек пен табиғи қорларды сақтауға баулу. Мысалы, «Ағаш отырғызу» акциялары оқушыларды ағаштар мен бұталарды отырғызуға үйретеді. Балалар әртүрлі ағаш түрлерін танып, оларды дұрыс отырғызу, суару және күту әдістерін үйренеді. Әр отырғызылған ағашты әр сынып өз қамқорлығына алып, оның өсуін қадағалайды. Бұл тек қоршаған ортаны жақсарту ғана емес, сонымен қатар балаларға табиғатты сақтау маңыздылығын түсіндіреді. Зерттеулер көрсеткендей, әр ағаш жылына 48 фунт (шамамен 21 кг) көмірқышқыл газын сіңіреді, бұл табиғаттың тепе-теңдігін сақтауға айтарлықтай үлес қосады.

Гүлзарлар мен бақтар жасау жобасы оқушылардың мектеп ауласын гүлдермен, өсімдіктермен әрлеуге бағытталған. Оқушылар мектеп аулаларын көгалдандырып, әртүрлі өсімдік түрлерімен танысып, оларды дұрыс өсіру, күту әдістерін меңгереді. Мысалы, әр сынып өзінің гүлзарын жасап, оны жыл бойы күтіп баптайды. Бұл жобалар балалардың экологиялық білімдерін тәжірибемен ұштастырып, оларға табиғатты қорғаудың маңыздылығын түсіндіреді.

«Экологиялық сенбілік» іс-шаралары арқылы оқушылар мектеп ауласын тазалап, қоқыс жинауды, қалдықтарды сұрыптауды үйренеді. Бұл шаралар балаларға қоршаған ортаның тазалығын сақтауға деген жауапкершілікті дамытады. Экологиялық сенбіліктерді өткізу барысында балалар пластик, шыны, қағаз қалдықтарын жинап, қайта өңдеуге арналған арнайы контейнерлерге бөледі. Бұл табиғаттың ластануын азайтуға көмектесіп қана қоймай, қалдықтарды қайта өңдеу мәдениетін қалыптастырады.

Мектеп бағына күтім жасау жобалары – балалардың бау-бақша дағдыларын дамытатын экологиялық жоба. Оқушылар мектеп аумағында жеміс ағаштары, көкөністер және гүлдер өсіре алады. Бұл жоба арқылы оқушылар табиғи циклдармен танысып, өсімдіктердің өсу кезеңдерін бақылап, оларды күту жұмыстарын жүргізеді. Сонымен қатар, бақша өнімдерін мектеп асханасына жеткізу арқылы балалар жергілікті тағам өнімдерін тұтыну қажеттігін ұғынады. «Жасыл мектеп» жобалары оқушылардың экологиялық санасын дамытып қана қоймай, олардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырады. Бұл жобалар балаларға табиғатты сақтау мен қоршаған ортаны қорғау ісіне жеке жауапкершілікпен қарауға үйретеді.

Экологиялық акциялар мен конкурстар. Мұндай іс-шаралар оқушылардың экологиялық тақырыптарға деген қызығушылығын арттырады және табиғатты қорғау саласындағы іс-әрекеттерін ынталандырады. Мысалы, қоқыс жинау акциялары, қайта өңдеу бойынша конкурстар немесе экологиялық плакаттар байқауы. Осы әдістерді пайдалана отырып, оқушылар экологиялық сауаттылықты ғана емес, сонымен қатар қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік пен жауапкершілікті де дамытады.

Экологиялық мәдениетті қалыптастырудың басты бағыттарының бірі - оқушылардың экологиялық жауапкершілігін арттыру. Ол үшін келесі әдістерді қолдануға болады:

Топтық жобалар. Оқушыларды топтарға бөліп, белгілі бір экологиялық мәселе бойынша жобалар дайындауды тапсырса, олар бірлесіп жұмыс істеп, мәселені шешу жолдарын іздейді. Бұл әдіс оқушыларды экологиялық мәселелерді шешуде біріге жұмыс істеуге үйретеді.



Топтық жұмыс барысында оқушылар мәселені талқылап, шешу жолдарын бірге іздейді. Мұндай әрекет олардың логикалық және шығармашылық ойлау қабілетін арттырады, себебі экологиялық жобалар түрлі қырынан ойлануды талап етеді. Сонымен қатар, топтық жұмыс жауапкершілікті бөлісуге, бірлескен шешім қабылдауға үйретеді. Мұндай жобалар барысында оқушылар экологиялық мәселелердің ауқымын түсініп, оны шешу үшін өз үлестерін қосуға ынталанады.

Экопатрульдер құру. Экопатрульдер – оқушылардың қоршаған ортаға тікелей қатынасын қалыптастыратын, оларды қоғамға пайдалы іс-әрекетке бағыттайтын тиімді тәсіл. Экопатрульдер мектеп ауласын немесе жақын маңдағы аймақты таза ұстау жауапкершілігін алу арқылы оқушылардың экологиялық сана-сезімі күшейеді. Мұндай тәжірибе арқылы балалар табиғатқа қамқорлық жасауға үйренеді, сонымен қатар қоғамға деген жауапкершіліктерін сезінеді. Экопатрульдерде белсенділік таныту – оқушылардың өзіндік тәртібі мен еңбекқорлығын дамытуға ықпал етеді.

Сұрақ-жауап сабақтары. Сұрақ-жауап форматы оқушылардың экология тақырыбында еркін ой алмасып, ақпараттық білімін арттыруға жағдай жасайды. Бұл әдіс оқушылардың экологиялық мәселелерге деген қызығушылығын оятып, өз ойларын нақты әрі дәлелді жеткізуге көмектеседі. Сондай-ақ сұрақ-жауап сабақтары оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыруға мүмкіндік береді, өйткені олар экология туралы білімін кеңейтіп, мәселелердің мәнін тереңірек түсінуге тырысады.

Бастауыш сынып оқушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастыру – болашақта қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешуге үлес қосатын экологиялық сауатты ұрпақты тәрбиелеудің маңызды қадамы. Сыныптан тыс жұмыстар арқылы балалар табиғатты қорғауға деген жауапкершілікті түсінеді, қоршаған ортаны сақтау қажеттілігін сезінеді. Оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру ұзақ мерзімді процесс болғанымен, сыныптан тыс жұмыстардың нәтижесі олардың жауапты экологиялық мінез-құлқын қалыптастырып, табиғатты қорғауға деген көзқарасын дамытуда маңызды құрал болып табылады. Экологиялық білім мен тәрбие беру тек сабақтарда ғана емес, сыныптан тыс жұмыстарда да жүзеге асырылса, оның тиімділігі артады. Сондықтан мектептерде экологиялық мәдениетті қалыптастыруға арналған іс-шаралар жүйелі түрде ұйымдастырылуы тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Алимбаева М. Экологиялық білім беру әдістері. Алматы: Мектеп баспасы, 2018. – 152 б.
2. Қожахметова С. Бастауыш сыныптарда экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Алматы: Білім, 2020. – 134 б.
3. Нұрғазина А. Балаларға экологиялық тәрбие беру жолдары. Астана: Білім баспасы, 2019. – 96 б.
4. Назарова Г. Табиғатты қорғау және экологиялық жауапкершілік. Қарағанды: Ұлағат, 2017. – 112 б.
5. Сапарова А. Экологиялық білімнің қазіргі жағдайы мен болашағы. Оқу құралы, 2021. – 178 б.



ОӘЖ 373.31

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ САБАҒЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КЕРІ БАЙЛАНЫС ТӘСІЛДЕРІ АРҚЫЛЫ ОҚУ САПАСЫН ЖАҚСARTУ

Салғарева Гулайым Ибрагимовна

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы,
педагогика және психология магистрі

Жолдасбаева Шаһизада Нсаналықызы, Ешмухамбетова Ажар Маратовна,
Калабаева Аружан Болатқызы

Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 3 курс студенттері
Алматы, Қазақстан



<https://doi.org/10.5281/zenodo.14250417>

Аңдатпа: Мақалада әдебиеттік оқу сабағында бастауыш сынып оқушыларының оқу сапасын арттыру үшін кері байланыс тәсілдерін қолданудың маңыздылығы қарастырылады. Кері байланыс оқу үдерісінде оқушылардың білімін нақтылау, түсіну деңгейін анықтау және болашақта оқыту стратегияларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Мақалада кері байланыстың тиімді әдіс түрлері, олардың білім сапасына әсері мен сабақ барысында қолдану жолдары талданады. Оқу сапасын кері байланыс арқылы жақсартуға бағытталған мұғалімдерге ұсыныстар берілген.

Кілт сөздер: кері байланыс, әдебиеттік оқу, бастауыш сынып, оқу сапасы, оқыту әдістері, білім беру

Бүгінгі білім беру жағдайында бастауыш мектептердегі оқу сапасын арттыруға көңіл бөлудің маңызы арта түсуде. Оқушылардың оқу сапасын арттыру болашақтың кепілі. Президент Касым-Жомарт Тоқаев білім беру сапасын арттыру және білім беру жүйесіне өзгерістер енгізудің маңыздылығын атап, білімді реформалау арқылы жастардың ойлау қабілетін жетілдіру және олардың ұлттық санасын қалыптастыру қажеттігін алға тартады. 2022 жылы білім беру стандарттарын қайта қарау керектігін, бұл ұлттық тәрбие беру және қоғамның тұрақтылығын нығайту үшін маңызды қадам екендігіне, сонымен қатар, президент білім беру саласына инновациялар енгізу мен оқыту тиімділігін арттырудың маңыздылығына да аса назар аударып отыр [1].

Оқу сапасын арттыруда кері байланыстың рөлі мен оны қолдану арқылы оқушылардың жеке көзқарасын, сабаққа деген ынтасын қалыптастыруымызға болады. Оқыту мен кері байланыс процесін жетілдіру арқылы оқушыларға сапалы білім беруге қол жеткіземіз. Әсіресе, педагогтардың кері байланысты қолдану арқылы оқушылардың білім сапасын бақылауға және жақсартуға мүмкіндігі жоғары.

Бұған қол жеткізудің ең тиімді жолдарының бірі кері байланыс әдістерін тиімді қолдану болып табылады. Кері байланыс түрлері оқушыларға бағыт-бағдар беріп, олардың күшті жақтары мен жетілдіру бағыттарын түсінуге көмектесетін маңызды құрал ретінде қызмет етеді. Ахмет Байтұрсынұлы: “Білім мен тәрбие беру ұстаз бен шәкірт арасындағы кері байланыс арқылы жүзеге асады. Бұл шәкірттің қабылдау дәрежесін, оның білімге құштарлығын анықтауға мүмкіндік береді” – деп анықтап көрсеткен [2].

Кері байланыс – оқу процесінің ажырамас бөлігі. Оқушылардың білімді қалай игергенін және қандай дағдыларды меңгергенін анықтау арқылы мұғалімдер олардың оқу процесіне түзетулер енгізе алады. Әдебиеттік оқу сабақтарында кері байланыс түрлері оқушының түсінігін бағалап, білім алудың тиімділігін арттырады. 1950-1960 жылдары кері байланыс ұғымы психология және білім беру салаларына енгізіле бастады.



Америкалық психологтар, әсіресе бихевиористер, кері байланысты оқу процесінде оқушылардың жетістіктерін жақсарту үшін қолданды. Бұл кезеңде кері байланыс түсінігі жеке тұлғалар арасындағы қарым-қатынасты жетілдіру құралы ретінде қарастырылды. Қазіргі таңда кері байланыс оқу процесінде оқушылардың сабақтан алған білімін, өзіндік жеке ойын жетілдіруге қолданылады.

Кері байланыстың оқу нәтижелеріне әсері: кері байланыс оқу сапасын жақсартуда маңызды рөл атқарады. Кері байланыс тиімді пайдаланылғанда, оқушылардың оқу нәтижелеріне айтарлықтай әсер етеді. Оқушылардың қателіктерін түсінуі мен оларды түзетуі арқылы білімдерін жетілдіруге болады. Кері байланыс беру арқылы оқушылардың өзін-өзі бағалауы артады, оқу материалдарын жақсы меңгереді, сабаққа деген қызығушылығы оянады. Бұл оқу үлгерімін жақсартуға көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларының мотивациясын және олардың қабілеттеріне деген сенімділігін арттырады. Әдебиет сабақтарында кері байланыс оқушылардың оқу дағдыларын дамытуға, сыни тұрғыдан ойлауын арттыруға және оқу мен әдебиетке деген сүйіспеншілікті арттыруға көмектеседі.

Мәселен, Бенджамин Блум бастауыш сынып оқушылары арасында кері байланыстың маңыздылығын: “Кері байланыс білім берудегі қажетті құрал болып табылады. Ол оқушылардың қай салада қиындық көретінін анықтап, сол бағытта қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді” – деп тұжырымдаған [3].

Бастауыш білім беру жағдайында, әсіресе әдебиет сабақтарында кері байланысты пайдалану оқушылардың оқу тәжірибесін арттыруда шешуші рөл атқарады. Сыныптағы кері байланыс әдістері оқушыларға әдеби ұғымдарды тереңірек түсінуге, олардың оқуды түсінуін жақсартуға және мәтіндермен мазмұнды түрде араласуға көмектесу үшін өте маңызды. Бұл бөлімнің негізгі бағыты кері байланыстың әртүрлі түрлерін және оларды білім сапасын арттыру үшін бастауыш мектеп сыныбында қалай тиімді қолдануға болатынын зерттеу болып табылады. Мұғалімдер кері байланысты әртүрлі тәсілдер арқылы жүзеге асыра алады. Олар:

- Ауызша кері байланыс (сұрақ-жауап, пікірталас);
- Жазбаша кері байланыс (жұмысты тексеру, ұсыныс беру);
- Визуалды кері байланыс (графиктер, диаграммалар, постерлер).

Бастауыш сынып оқушылары үшін кері байланыс рефлексия мен өзін-өзі бағалау үшін негіз болып табылады, олардың оқу процесінде белсенді рөл атқаруға ынталандырады. Бұл оқушылардың түсінігін нақтылауға, қателерін түзетуге және сенімділікті арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар, кері байланыс мұғалімдерге оқушылардың үлгерімін, қиындықтарын және оқуды жақсарту үшін ең қолайлы стратегияларды жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді. Әдебиет сабақтарында қолдануға болатын кері байланыстың әртүрлі түрлері бар, олардың әрқайсысы оқушының оқуын жақсартуда белгілі бір мақсатқа қызмет етеді, әдебиеттік оқу сабағында қолданылатын кері байланыс түрлері оқушылардың мәтінді түсінуін, идеяларды талдауын, кейіпкерлердің мінез-құлықтарын сараптауды дамытуға бағытталады. Отандық ғалым А.Е.Әбілқасымова оқыту әдістемесі бойынша жүргізген зерттеулерінде кері байланысты білім сапасын арттырудың құралы ретінде қарастырады. Ол мұғалімнің кері байланыс арқылы оқушылардың жеке ерекшеліктеріне бейімделуі, олардың қажеттіліктеріне сәйкес қолдау көрсетуі маңызды екенін атап өтеді. Формативті бағалау мен кері байланысты оқу нәтижелерін жақсартудағы маңызды әдіс ретінде қолдауды ұсынады [4]. Сабақта қолданылатын негізгі кері байланыс түрлері:

Қалыптастырушы кері байланыс: кері байланыстың бұл түрі оқу үдерісі барысында беріледі және оқушыларды тапсырмаларды орындау барысында жақсартуға бағыттауға бағытталған. Әдебиет сабақтарында қалыптастырушы кері байланыс оқушылардың түсініп оқуы, кейіпкерлерді немесе тақырыптарды талдау және олардың интерпретациясын жақсарту бойынша ұсыныстарды қамтуы мүмкін. Қалыптастырушы кері байланыс үздіксіз болып табылады және студенттерге нақты уақыт режимінде ойлауын реттеуге көмектеседі, бұл оны бастауыш сынып оқушылары үшін өте тиімді етеді.



Жиынтық кері байланыс: Жиі тапсырма немесе сабақ соңында берілетін жиынтық кері байланыс оқушының жалпы үлгерімін бағалауды қамтамасыз етеді. Әдебиет сабақтарының контекстінде бұл кітап есептері бойынша бағалауды, әңгіме элементтері бойынша викториналарды немесе ауызша оқуды бағалауды қамтуы мүмкін. Ол қалыптастырушы кері байланыс сияқты дереу түзету мүмкіндігін ұсынбаса да, ол студенттерге олардың үлгерімі туралы жан-жақты көрініс береді.

Сипаттамалық кері байланыс: Сипаттамалық кері байланыс жай ғана баға немесе ұпай берудің орнына, оқушыларға нені жақсы орындағанын және қай жерде жақсартуға болатыны туралы нақты түсініктеме беруді қамтиды. Мысалы, әдебиет сабағында мұғалімдер оқушының кейіпкерді терең түсіндіріп бергенін мақтауы мүмкін, сонымен бірге олардың идеяларын растау үшін көбірек мәтіндік дәлелдер беруді ұсынуы мүмкін.

Мәтін бойынша сұрақ қою: Оқушылар оқылған мәтіннен түсінікті ме, қандай жаңа ақпарат алды, мәтіндегі кейіпкерлердің іс-әрекеттері қаншалықты дұрыс деген сұрақтарға жауап береді. Бұл олардың сыни ойлау қабілеттерін дамытады.

Топтық талқылау: Оқушылар топтарға бөлініп, мәтіннің негізгі идеяларын талқылайды. Топта өз ойларын жеткізу арқылы олар өзара кері байланыс жасайды.

Жазбаша рефлексия: Әр сабақ соңында оқушылар өз ойларын қағазға түсіреді. Бұл тәсіл олардың жазу дағдыларын дамытып қана қоймай, өзін-өзі бағалауға көмектеседі.

Мұғалім оқушының жұмысына нақты ұсыныстар мен ескертпелер беруі қажет. Бұл оқушылардың қателерін түсініп, оларды түзетуге көмектеседі. Сыныпта еркін пікір білдіру ортасын құру: оқушылар өз ойларын еркін айтып, бір-біріне сындарлы кері байланыс бере алуы керек. Бұл орта оқушылардың ынтасын арттырады. К.Б.Жақсыбекова өзінің зерттеулерінде “Кері байланысты оқушылардың оқу-танымдық белсенділігін арттырудың негізгі құралы” – деп қарастырған [5]. Ол кері байланысты сабақ барысында оқушылардың қателіктерін түзету мен олардың оқу үдерісіне қатысу белсенділігін арттыруда тиімді деп сипаттайды.

Қазіргі сыныптарда технология кері байланыс орнатудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынады. Білім беру қолданбалары мен онлайн платформалар сияқты құралдарды студенттерге викториналар, түсіну жаттығулары және интерактивті оқу әрекеттері туралы жылдам кері байланыс беру үшін пайдалануға болады. Бұл құралдар студенттерге де, мұғалімдерге де уақыт өте келе үлгерімді бақылауға мүмкіндік беретін егжей-тегжейлі есептер береді. Рефлексиялық сұрақтар арқылы кері байланыс беру: оқушыларға “Бұл сабақта не үйрендің?”, “Қандай қиындықтарға кездестің?” деген сұрақтар қою арқылы олардың сабаққа көзқарасын білуге болады. Мысалы, әдебиет сабағында оқушылар оқиғаның сюжеті немесе кейіпкерлері бойынша сандық викторинаны орындап, олардың жауаптары бойынша жылдам кері байланыс алады. Бұл дереу жауап беру студенттерге жақсартуды қажет ететін аймақтарды анықтауға көмектеседі және мұғалімдерге сыныптың кездесетін жалпы қиындықтары туралы түсінік береді.

Сонымен қатар, кері байланыс оқушының өзіндік білім алу процесіне белсенді араласуына ықпал етеді. Оқушылар өз жетістіктерін талдап, келесі қадамдарын анықтап, оқу жоспарларын құра алады. Кері байланыс тек қателіктерді түзетіп қана қоймай, оқушылардың мотивациясын арттыруда да маңызды рөл атқарады. Оқушы дұрыс жауап бергенде немесе шығармашылық тапсырманы сәтті орындағанда, мұғалімнің оң бағалауы оның оқу процесіне деген қызығушылығын арттырады. Бұл әсіресе әдебиеттік оқу пәнінде маңызды, себебі бұл пән оқушылардың ойлау қабілеті мен шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған.

Зерттеулер көрсеткендей, тұрақты, сындарлы кері байланыс жасай алатын оқушылар оқу материалымен көбірек айналысады және берілген тапсырманы дер кезінде орындауға тырысады. Бұл әсіресе сауаттылық дағдыларын дамытудың бастапқы кезеңінде тұрған бастауыш сынып оқушылары үшін өте маңызды. Түсінікті, нақты және жігерлендіретін кері байланысты қамтамасыз ету арқылы мұғалімдер оқушыларға білім беру жағдайында қолдау көрсетілетінін сезінетін жағымды оқу ортасын құра алады.



Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушыларына «әдебиеттік оқу» пәнінен әдіс-тәсіл түрлерін қолданудың берері мүмкіндіктері мол:

- Шығармашылық қабілеттері дамиды;
- Әдеби туындыларды талдайды және өз ойын жеткізе біледі;
- Коммуникативті дағдылары қалыптасады;
- Сыни ойлау қабілеттерін жетілдіреді;
- Оқуға деген қызығушылықты арттыруға көмектеседі.

Оған дәлел ретінде А.К. Маркованың әдістемелік еңбектерінде дұрыс ұйымдастырылған әдіс-тәсілдер балалардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытады деген [6]. Сондықтан, әдебиеттік оқу сабақтарында танымдық қызығушылықты арттырудың маңызы жоғары екендігін баса айтуға болады.

Жоғарыдағы ғалымдардың еңбектерін талдай келе, кері байланыс арқылы бастауыш сынып оқушыларының оқу сапасын арттыру мақсатында мұғалімдерге мынадай ұсыныстар беруге болады:

1. Цифрлық платформаларды қолдану

- Онлайн платформалар арқылы кері байланыс беру әдістері уақытты үнемдеп, кері байланыстың тиімділігін арттырады. Мұғалімдер Google Classroom, Microsoft Teams, Kahoot және т.б. платформаларды пайдаланып, интерактивті кері байланыс бере алады.
- Оқушылардың жұмысына нақты, әрі визуалды кері байланыс беруге арналған онлайн құралдарды пайдалану арқылы олардың қызығушылығын арттыруға болады.

2. Жетістік карталары мен күнделіктерін енгізу

- Оқушыларға жеке жетістік карталарын немесе күнделіктерін жүргізуге ұсыныс жасаңыз. Бұл әдіс арқылы оқушылар өз жетістіктерін, кездескен қиындықтарды және алға қойған мақсаттарын бақылай алады.
- Оқушылар өз жетістіктерін көре отырып, кері байланыс арқылы даму жолын нақтырақ түсінеді.

Сонымен, әдебиеттік оқу сабағында кері байланыс тәсілдерін қолдану бастауыш сынып оқушыларының оқу сапасын айтарлықтай жақсартуға ықпал етеді. Жедел кері байланыс, өзара кері байланыс және өзін-өзі бағалау оқушылардың білім деңгейін бағалап қана қоймай, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, сыни ойлау дағдыларын жетілдіруге және оқу процесіне деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Сондықтан мұғалімдер кері байланыс тәсілдерін белсенді түрде қолдануы қажет, бұл оқу сапасын жоғарылатудың тиімді құралы болып табылады және оқушылардың тілдік дағдыларын дамытып, олардың оқу нәтижелерін арттыруға көмектеседі. Болашақта әдебиеттік оқу сабақтарында кері байланыстың маңызын тереңірек зерттеу арқылы оның тиімділігін арттыруға, білім беру сапасын жаңа деңгейге көтеруге болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Нормативтік құжаттар [Электрон. ресурсы] <https://ru.sputnik.kz/20240913/ministr-prosvescheniya-dolozhil-tokaevu-o-razviti-obrazovaniya-v-kazakhstan--47077297.html>
2. Ахмет Байтұрсынұлы “Оқу құралы”, 1912ж.
3. Блум, Бенджамин С. Білім беру мақсаттарының таксономиясы: Білім беру мақсаттарының классификациясы. Нью-Йорк: Лонгман, 1956 ж
4. Әбілқасымова А. Е. Оқыту теориясы мен әдістемесі. Алматы: 2011.
5. Жақсыбекова К. Б. “Бастауыш сыныпта білім беру процесінде кері байланыс әдістерін қолдану”. Алматы: Қазақ университеті, 2019.
6. Маркова А.К. Психология профессионализма. - М.: Высшая школа, 1996. – 170 с



УДК 372.854:54

МЕТОДЫ И ТЕХНИКИ ОБУЧЕНИЯ ДЛЯ РАЗВИТИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ УМЕНИЙ У БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ХИМИИ

Ермекқызы Динара, магистрант 2 курса
Таразский университет им. М.Х. Дулати,
Таубаева Раушан Серихановна, PhD ассоц. профессор
Таразский университет им. М.Х. Дулати,
Тараз, Казахстан



<https://doi.org/10.5281/zenodo.14250417>

Аннотация. В данной статье рассматривается методика развития исследовательских умений обучающихся в школьном курсе химии при изучении раздела «Неметаллы». Изучение курса химии способствует формированию и развитию исследовательской компетенции, так как методы химической науки, такие как анализ, эксперимент, моделирование и т.д., являются компонентами исследовательской компетенции. Использование заданий проблемного характера на уроке позволяет раскрыть возможности обучающихся, проявить их способности, даже если они не имели особого интереса к химии.

Ключевые слова: исследовательские умения, исследовательская компетенция, обобщение информации, уроки химии в основной школе.

В современных условиях вопросы выбора стратегии и методов формирования исследовательских умений обучающихся весьма актуальны. Они включают совокупность следующих умений: планирование собственной исследовательской деятельности; формулирование проблемы; поиск, анализ и обобщение необходимой информации; выдвижение гипотез; постановка целей и задач; подбор оптимальных методов и методик исследования; собственно проведение эксперимента; оформление результатов работы; формулировка выводов и заключений и др. Умения подобного рода формируются при изучении всех учебных предметов [1-2].

Становлению исследовательских умений посвящены труды Л.С.Выготского, В.В.Давыдова, И.Я.Лернера и М.И.Махмутова, в которых наблюдается взаимосвязь обучения и развития, зависимость развития навыков от способа обучения и роль исследовательской деятельности обучающихся в формировании общеобразовательных дисциплин. Научно-исследовательская работа, а также дидактическая и исследовательская деятельность описаны в трудах А.М.Аронова, Дж.Брунера [3].

Целью исследования явилась разработка методического материала для успешного развития исследовательских умений обучающихся на уроках химии в основной школе.

Материал и методы исследования. В данной статье описан опыт использования элементов исследовательской деятельности, домашнего эксперимента, дополнительного образования, а также научно-исследовательской деятельности обучающихся, при организации образовательного процесса при изучении химии с целью развития исследовательских умений обучающихся. В ходе подготовки статьи мы использовали следующие методы: теоретические (изучение психолого-педагогической, методической литературы по проблеме исследования; обобщение; обработка полученных данных); эмпирические (методы диагностического исследования; опытно-экспериментальная работа).

Применяемыми в процессе обучения основными методами обучения, являются:

1. Активное обучение- включает в себя подходы, которые вовлекают обучающихся в процесс обучения, что способствует более глубокому пониманию материала. К ключевым



техникам активного обучения относятся:

Решение ситуационных задач – это элемент активного обучения. Ситуационные задачи помогают закрепить теоретические знания по изучаемой теме, применяются для контроля конечного уровня знаний на всех практических занятиях.

Анализ конкретных ситуаций – метод активации учебно-познавательной деятельности, теоретических знаний и практического опыта обучающихся. Выработывает способность высказывать свои мысли, идеи, предложения, умение выслушать альтернативную точку зрения и аргументированно высказать свою. Развивает умение анализировать стандартные и нестандартные ситуации, способность выработать и принимать определенные решения.

Учебная дискуссия – образуется как процесс диалогического общения участников, в ходе которого происходит формирование практического опыта совместного участия в обсуждении и разрешении теоретических и практических проблем. Организация групповых обсуждений на темы, связанные с химическими реакциями, свойствами веществ и другими аспектами. Обсуждения помогают обучающим развивать критическое мышление и навыки аргументации.

Исследовательский метод это метод в котором после анализа материала, постановки проблем и задач и краткого устного или письменного инструктажа обучающиеся самостоятельно изучают литературу, источники, ведут наблюдения и измерения и выполняют другие действия поискового характера. Инициатива, самостоятельность, творческий поиск проявляются в исследовательской деятельности наиболее полно. Методы учебной работы непосредственно перерастают в методы научного исследования. Работа в малых группах: обучающиеся работают в командах для решения задач, что развивает навыки сотрудничества и коммуникации, а также способствует обмену идеями и ресурсами. Интерактивные лекции: преподаватели используют опросы, демонстрации и технологии для вовлечения обучающихся в учебный процесс, что способствует их активному участию.

2. Проектная деятельность предоставляет обучающимся возможность изучать реальные жизненные проблемы. В рамках этой методики обучающиеся:

- Изучают актуальные химические проблемы: например, разработка решений для снижения уровня загрязнения окружающей среды. Это формирует у обучающихся умение вести исследование, собирать данные и разрабатывать рекомендации.

- Презентуют свои проекты: защита результатов своих исследований перед аудиторией развивает навыки публичного выступления и ведения научных дискуссий. Проектная деятельность не только способствует развитию исследовательских умений, но и повышает мотивацию обучающихся, так как они работают над темами, которые имеют значение.

3. Интеграция технологий. современные технологии играют ключевую роль в обучении. Интеграция технологий в образовательный процесс позволяет: использование виртуальных лабораторий: платформы, такие как PhET и Labster, предоставляют студентам возможность проводить эксперименты в безопасной среде. Это поддерживает развитие навыков исследования и анализа. Доступ к онлайн-ресурсам: обучающиеся могут использовать научные базы данных и онлайн-курсы для расширения своих знаний и проведения собственных исследований. С использованием социальных сетей и электронных платформ для совместной работы: Это создает условия для обмена идеями и совместного решения задач.

4. Практические лабораторные работы

